Әділет шұғыласы

№ 42 (9127),
жұма, 30 қазан
2026 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



Қадірлі отандастар!

Құрметті Құрылтай депутаттары және Үкімет мүшелері!

Бүгін мен Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауымды жариялаймын. Бұл Жолдаудың мәні де, мазмұны да айрықша.

25 қазанда ұлттық мерекеміз – Республика күнін атап өттік. Осы күні Егемендік туралы декларация қабылданды. Біз дербес ел болу жолында батыл қадам жасадық. Көп ұзамай Тәуелсіздік туын биікке көтеріп, елдігіміздің іргесін бекіттік.

Міне, биыл қасиетті Тәуелсіздігімізге 35 жыл толып жатыр. Бұл тарихи меженің ұлт шежіресінде алатын орны бөлек.

Биыл наурыз айында халқымыз мемлекеттігіміздің негізгі тірегін – Конституциямызды қабылдады. Бұл тұтас еліміз үшін тарихи мәнмағынасы терең оқиға болды.

Конституцияны бірнеше ұрпақтар арасындағы қастерлі келісім деп атауға болады. Өйткені Конституцияда Қазақстанның қазіргі бітім-болмысы мен болашақтағы бейнесі нақты айқындалды.

Азаматтарымыз жаппай қолдаған Конституция 1 шілдеде заңды күшіне еніп, еліміздің саяси жүйесінің түбегейлі жаңғыруына, жаңа билік институттарының құрылуына үлкен серпіліс берді. Жұртымыз жарқын болашаққа бастайтын ауқымды жұмысты атқаруға белсенді түрде кірісті.

Ел өміріндегі тарихи өзгерістердің барлығы халықтың көз алдында болып жатыр. Бұл мәселе аса маңызды болса да, көп сөз айтудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Бүгін мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі ойларыммен бөлісемін, алдағы мақсат-міндеттерге тоқталамын.

Ашығын айтсақ, бүгінде тәуелсіздігіміз бен егемендігімізді қорғауға қатысты барлық мәселе әлі толықтай шешімін тапқан жоқ. Бұл – алдымызда көптеген өзекті міндет тұр деген сөз.

Жұмысты ойдағыдай орындау үшін, ең алдымен, бүкіл қоғамымыз тату болуы керек. Бірлік пен келісім болмаса, ешқандай реформа және ілгерілеу болмайтыны айдан анық.

Қазір жаһандық сын-қатерлер әлдеқайда қауіпті сипат алған кезде қоғамымызда талап пен тәртіпке басымдық беруіміз қажет.

Қазіргі таңда әлем елдері арасында ақылға қонымсыз жалған айыптаулар, астыртын текетірестер күшейді, ал алпауыт, ықпалды мемлекеттердің арасында жаппай өзара сенім дағдарысы пайда болды.

Бақылаусыз, жүйесіз көші-қон ағындары әлдеқайда көбейді, бұл бірнеше еуропалық елдің қауіпсіздігіне үлкен зиян келтіргеніне көзіміз жетті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының абыройбеделі үлкен тоқырауға ұшырады. Халықаралық құқықтың құндылығы төмендеп кетті. Қысқасы, қазіргі әлем бұлыңғыр дәуірге аяқ басты, оның келешегі қандай болатыны туралы саясаткерлер мен сарапшылар арасында біртұтас пікір жоқ.

Күллі әлем жұртшылығы аласапыран кезеңде өмір сүріп жатыр десек, артық болмас. Мұндай күрделі, болжамсыз ахуал «қырғи-қабақ соғыс» кезінде де болмаған еді.

Дәл осындай құбылмалы заманға қарамастан, Қазақстан ел дамуының жаңа дәуіріне үлкен сеніммен қадам басып, кең ауқымды саяси реформаны іске асырды. Бұл – дүние жүзінде өте сирек кездесетін құбылыс.

Енді алдағы уақытта да еліміздің егемендігін нығайтуымыз керек. Бұл – қазіргі әлемдегі бұлыңғыр ахуалда ішкі тұрақтылықты сақтай отырып, өсіп-өркендеу деген сөз.

Осы жолда бүкіл қоғам, соның ішінде отаншыл, белсенді, білімді азаматтар қарқынды еңбек етуі керек. Құрылтай депутаттарына да үмітім зор.

Осындай жағдайда мемлекеттік аппарат пен құқық қорғау мекемелерінің рөлі аса маңызды екені баршаңызға түсінікті.

Басқаша айтқанда, қазіргі буын өкілдері, яғни біз келе жатқан жас ұрпақтарға жоспарлар мен тұжырымдар емес, экономикасы қуатты және қарқынды, жоғары технологиялары дамыған, білім мен ғылымға негізделген, заңды мойындайтын, жасампаз әрі озық, геосаяси тұрғыдан күші мен ықпалы бар Қазақстанды қалдыруымыз керек.

Бұл – ұлтымыздың алдында тұрған нағыз стратегиялық міндет.

Құрметті депутаттар!

Құрметті Үкімет мүшелері!

Еліміз ұдайы қарқынды дамуы үшін ауқымды міндеттерді сапалы әрі жедел іске асыру өте маңызды.

Азаматтарымыз толыққанды әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтылуы керек. Бұл – халықтың тұрмыс сапасын көтерудің маңызды шарты.

Сондықтан басты назарды инфрақұрылым құру ісіне аударамыз.

Бұған дейін де айттым: Қазақстан ауқымды құрылыс алаңына айналуға тиіс. Мәселе жекелеген жобаларға қатысты болып отырған жоқ.

Жалпы, барлық аймақта жаппай құрылысты бастап, жандандыру қажет.

Бірінші кезекте, жан-жақты зерттеу және талдау жүргізіп, облыстардың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт нысандарына деген қажеттілігін егжей-тегжей анықтау жұмысын тез арада толығымен бітіру керек.

Біз ауыл-аймақтарды дамыту мәселесін әрдайым ерекше бақылауда ұстаймыз. Ауылдағы тұрғындардың лайықты өмір сүруі үшін барынша жағдай жасап отырмыз.

Алайда, қазір экономика, білім мен технологияның тірегі де, таланттарды шыңдайтын да негізгі қалалар екенін атап өткен жөн.

Сайып келгенде, қуатты қалалар қуатты аймақтардың, ал қуатты аймақтар күшті мемлекеттің негізін қалайды. Сондықтан әрбір ірі қаланың Үкімет бекіткен нақты орта және ұзақ мерзімдегі даму жоспары болуға тиіс.

Сонымен қатар қала ресурсын тиімді басқару үшін Үкімет әкімдіктермен бірлесіп, қала инфрақұрылымының цифрлық сыңарын көп ұзамай әзірлеуге тиіс.

Қалалардың қауіпсіз, жайлы, көрікті болуына басымдық, яғни приоритет ретінде қарай отырып, бұл істі аса маңызды мемлекеттік міндет деп қабылдау керек. Бұл – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық тұжырымдамасына толық сай келетін талап.

Егер қала қарқынды дамитын болса, сол өңірдің экономикасы да өркендейді, адами әлеуеті де артады.

Осы орайда әлеуметтік-экономикалық маңызы бар нысандар салуға және оны жаңғыртуға ерекше мән береміз. Бұған біздің күшіміз де, мүмкіндігіміз де жетеді.

Халықаралық валюта қоры ұсынған болжамға сәйкес, биыл еліміздің жалпы ішкі өнімі 400 миллиард долларға жуықтайды. Оның жан басына шаққандағы үлесі 19 мың доллардан асатын болды.

Еліміз экономикасының көлемі жағынан әлемде 47 орынға көтеріледі. Бұл – халқының саны бізден әлдеқайда көп бірқатар елдің көрсеткішінен жоғары деңгей деген сөз.

Өңдеу өнеркәсібі де қарқынды дамуда. Оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 14 пайыздан асты. Бұл – ұлттық экономиканы әртараптандыру бағытында жүргізілген жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі.

Алтын-валюта резерві мен Ұлттық қор активтерінің көлемі 130 миллиард доллардан асты.

Енді осы қуатты әлеуетімізді инфрақұрылымды жаңғыртуға, еліміздің әр аймағын көркейтуге бағыттауымыз қажет.

Сондықтан мен бұған дейін айтқан ауқымды құрылыс бастамасын белсенді түрде жүзеге асыруды тапсырамын. Соған сәйкес бүкіл ел бойынша аса қажетті әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылым нысандары салынады.

Үкімет бұрын-соңды болмаған Инфрақұрылымдық жаңғыру жоспарын әзірлейді. Бұл ауқымды жұмысты іске асыру үшін 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 триллион теңге бөлінеді. Биыл және 2027 жылдың алғашқы екі айы ішінде әлеуметтік жобаларды іске қосу үшін 1,5 триллион теңге көлемінде қаражат қарастыру қажет.

Ұлттық қордың ең басты мақсаты, миссиясы – ел байлығын ұқыпты ұстау және одан әрі арттыру, сондай-ақ, оны қазіргі және келешек ұрпақтың игілігіне жарату.

Ұлттық қор көп жылдар бойы осы негізгі міндетті лайықты орындап келеді, яғни қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге зор үлес қосуда.

Жас ұрпақтың игілігін ойласақ, бұл бағытта қазірден бастап нақты әрі батыл қадамдар жасауымыз керек. Өзекті мәселелерді кейінге қалдыруға болмайды. Әр мәселе өз шешімін табуға тиіс. Басты талап – осы. Кейінгі буынға өркениетті, озық, жаңарған мемлекетті аманат етуіміз керек. Бұл – біздің міндетіміз және келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз.

Бір сөзбен айтқанда, біз осы тарихи жауапкершілікті терең сезіне отырып, өскелең ұрпақтың игілігі үшін мол қаржы қалдырумен қатар, технологиялық тұрғыдан өркендеген, бәсекеге қабілетті әрі күшті экономикасы, озық инфрақұрылымы бар, өмір сүру үшін қолайлы, әр азаматтың өзін-өзі дамытуына барлық жағдай жасалған жаңа тұрпатты мемлекет құрып, аманат етуіміз керек.

Мұны ең басты міндетіміз, тіпті тарихи маңызы бар миссиямыз деп айтуға болады.

Бұл – адам капиталын дамытуға, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға, яғни ел болашағына салынатын ұзақ мерзімге арналған инвестиция.

Бірақ Ұлттық қордың ресурсын жинақтау және оны пайдалану арасында теңгерім сақталуға тиіс. Қаражатты тек қоғамға барынша пайдалы дүниеге ғана жарату керек.

Ең бастысы, жұмсалған ақшаның экономикалық және әлеуметтік қайтарымы болуы қажет. Өйткені бөлінетін мемлекет қаражатының негізгі мақсаты – халықтың әл-ауқатын көтеру.

Тиісті жобаларды жүзеге асыруға материалдық-техникалық жағдайы жақсы және мол тәжірибесі бар жергілікті жердегі шағын және орта бизнес өкілдерін тартқан жөн. Бүкіл құрылыстың барысы қатаң бақылауға алынады.

Бірінші кезекте аймақтарда 70-ке жуық денсаулық сақтау нысаны салынады.

Перзентханалар, ауруханалар, жедел медициналық көмек көрсету станциялары, балаларға арналған оңалту орталықтары мен ерекше балалардың сұранысына сай спорт-залдар бой көтереді.

Сондай-ақ 50-ге жуық білім беру, спорт және мәдениет мекемелерінің құрылысы басталады.

Осындай аса қажетті, сапалы нысандардың құрылысын жедел түрде бастап, көп ұзамай іске қосуымыз керек. Бұдан бөлек, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына қомақты қаржы бөлінеді. Көптеген елді мекендерге газ және таза ауыз су тартылады.

Үкімет жыл соңына дейін нақты жобалардың бастапқы тізімін әзірлейді. Бұл тізім барлық аймақты қамтуы керек.

Біз халқымыздың артып отырған зор үмітіне лайық болуымыз қажет.

Бұл жоспарымыз ел игілігін арттыруға арналып отыр, басқа астарлы ойымыз жоқ. Сондықтан осы үлкен құрылыс қозғалысына «Халықтық құрылыс» деген атау берсек, қарсылық болмас деп сенемін.

«Халықтық құрылыс» бағдарламасы азаматтардың әл-ауқатын арттыратын, кәсіпкерліктің өркендеуіне, дамуына, ұлттық экономиканы жандандыруға зор ықпал ететін төл тарихымыздағы ең үлкен инфрақұрылымдық жоба болмақ.

Аталған бастама жүз мыңдаған адамды жұмыспен қамтиды, оның игілігін тұтас халқымыз, әсіресе, өскелең ұрпақ көреді деп кәміл сенемін.

Келесі мәселе. Логистика инфрақұрылымын дамытуға баса мән беру қажет. Бұл – еліміздің өсіп-өркендеуіне ықпал ететін маңызды фактордың бірі.

Қазіргі таңда логистика мәселесімен барлық елдер айналысуда. Дамыған көлік логистикасы болмаса, тіпті, бүгінгі күшті ел ертең құрдымға кетеді.

Келесі жылы елімізде «Бақты – Аягөз» теміржол желісі іске қосылады. Жаңа бағыттың арқасында Қытаймен арадағы жүк өткізу мүмкіндігі 20 миллион тоннаға артады.

Тамыз айында «Арал – Каспий» күре жолының құрылысы басталды. Бұл жоба Транскаспий дәлізінің қашықтығын шамамен 1 мың шақырымға қысқартып, жүк жеткізу мерзімін үш күнге дейін азайтады.

Үкімет осы салада қолға алынған барлық жобаның сапалы әрі уақтылы орындалуын қатаң бақылауға алады.

Қазір әлем логистикасы ауқымды өзгерістер және қарқынды даму кезеңін бастан өткеріп жатыр.

Теңіз жолдарындағы тұрақсыз жағдай құрлықтағы көлік дәліздерінің стратегиялық маңызын арттыра түсті.

Қазақстан іс жүзінде Еуразиядағы жетекші логистикалық орталықтың біріне айналуы үшін осы тарихи мүмкіндікті мұлт жібермеуге тиіс.

Қазірдің өзінде Қытайдан Еуропа құрлығына тасымалданатын жүктің 85 пайызы біздің аумағымыз арқылы өтеді.

Алайда барға қанағат етіп, тоқмейілсіп отыру – болашақта көш соңында қалу деген сөз.

Біз халықаралық жүк тасымалы ағындарының толыққанды ұйымдастырушысы болуымыз керек.

Бұл үшін отандық логистикалық операторларды дамытып, жүктерді шоғырландырумен және бөлумен айналысатын орталықтар құруға баса назар аударған жөн.

Сондай-ақ, көлік тораптарының айналасынан жаңа өндірістер мен сауда орындарын ашу маңызды.

Біз Қазақстанның барлық аймағын байланыстыратын, яғни, еліміздің транзиттік әлеуетін күшейтетін заманауи, өте дамыған теміржол және көлік жолдарының тұтас желісін құруымыз керек. Бұл – стратегиялық міндет.

Еліміз арқылы тасымалданатын жүк көлемі жыл сайын ұлғайып келеді. Демек біздің алдымызда жол инфрақұрылымын жақсарта түсу міндеті әлі де тұр. Бұл, әсіресе, солтүстік аймақтарға қатысты өзекті мәселе.

Сондықтан ендігі кезекте «Көкшетау – Петропавл» тас жолын кеңейту ісіне кірісу керек.

Автокөлікпен жүк тасымалдайтын отандық кәсіпкерлерімізге жәрдем көрсету қажет. Себебі Қазақстан арқылы өтетін автокөлік транзитінің



2-бет

Басы 1-беттен

жартысынан көбі шетелдіктерге тиесілі. Осы саланы да ретке келтіретін уақыт келді, Үкімет тиісті іс-әрекеттерді қолданады.

Негізгі мақсат – еліміздің жолдарының әлеуетін нығайтып, азаматтарымыздың табысын арттыру.

Келесі жылы еліміздегі автокөлік өткізу бекеттерін түгелдей сапалы жаңғырту жұмыстары аяқталуға тиіс. Күні кешеге дейін бұл жұмыс атүсті атқарылып келді.

Алдымызда республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық жолдарды сапалы салуға қатысты аса маңызды міндет тұр.

Бұл салада мәселе аз емес. Орталық және жергілікті атқарушы органдар қолданыстағы ережелер мен регламенттерді алға тартып, мәселені шешуді созбалаңға салады. Соның салдарынан мәселе қордаланғанның үстіне қордаланып, әбден тығырыққа тірелгені жасырын емес.

Сондықтан менің тапсырмама сәйкес, еліміздегі бүкіл жолдың 26 пайызын алып жатқан республикалық (орталық) және әкімдіктердің қарауындағы жергілікті жолдарға қатысты барлық мәселемен Үкімет, соның ішінде Көлік министрлігі айналысуға тиіс.

Қайталап айтамын: Бізге сапасы өте жоғары жолдар керек.

Битум мен қиыршық тастардың сапасын алға тартып, сылтау айтуға жол берілмейді.

Естеріңізге салайын: қызмет көрсетуге арналған заманауи инфрақұрылымы бар сапалы жолдар болмаса, Қазақстан жаһандық деңгейдегі транзиттік аймаққа, яғни Еуразияның көлік-логистикалық орталығына айнала алмайды. Бұл жұмыстардың түпкі мәні – осында. Біз бұл міндетті қалайда орындауымыз керек.

Егер шекарамыз көлік қозғалысын тежеп, ұзын-сонар кептеліс туындататын «тар өткелге» айналса, Қазақстан бұл салада көшбасшы болады деп айтудың өзі орынсыз. Қазір осы күйді кешіп отырғанымыз жасырын емес.

Еуропа мен Азияның арасын жалғайтын негізгі әуе дәліздері еліміздің аумағы арқылы өтеді.

Бұл – біздің бәсекеге қабілетімізді арттыра алатын басымдығымыз. Алайда, осы артықшылығымыз әзірге қағаз бетіндегі әсерлі есеп күйінде ғана қалып отыр.

Осы басымдығымызды тиімді пайдалану үшін жерде қызмет көрсетуге арналған озық инфрақұрылым құру қажет. Бұл – әлемде бар тәжірибе. Ал, әзірге қыруар табыс уысымыздан шығып кетіп жатыр.

Жеке «Air Cargo» компаниясына зор үміт артылды. Бұл компанияның қаржылық әлеуеті зор. Шетелдің үздік мамандарына жалақы төлеуге де мүмкіндігі мол. Дербес шешім қабылдай алады. Дегенмен, әзірге қабылданған шешім де, нақты нәтиже де жоқ.

Сіздерге зор сенім артылып отыр. Енді нәтиже күтеміз.

Қазір Қазақстанда бірнеше әуежайдың құрылысы қатар жүргізіліп жатыр. Мұндай нысандарды бір мезетте салу тәжірибесі ел тарихында бұрын-соңды болмаған.

Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіру жұмысы аяқталды, таяуда Зайсан, Катонқарағай, Кендірлі әуежайлары іске қосылады.

Келесі жылы осы саладағы әлемдік ірі компаниялардың бірін тарта отырып, Астанада жаңа әуежайдың құрылысын бастаймыз.

Қазақстан Еуразияның негізгі көлік хабы болуы үшін көптеген маңызды міндетті орындауға тиіс. Бірінші кезекте көлік саласын, соның ішінде халықаралық бағыттарды толық цифрландыру қажет.

Жасанды интеллект дәуірінде жаһандық транзит ағындарын қағаз жүзінде басқару – ақылға қонымсыз іс. Бұл – құрдымға апаратын ең төте жол.

Қазіргі жағдайда қуат көзінің жеткілікті деңгейде болуы әр мемлекеттің бәсекеге қабілетін, тіпті экономикалық дербестігін айқындайтын шешуші факторға айналды.

Осы кезеңді шын мәнінде «электр дәуірі» деп айтуға болады. Қазақстан

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

өзінің шикізаттық артықшылығын энергетикалық және технологиялық тұрғыдан өрлеу үшін пайдалануға тиіс. Бұл – айрықша маңызды міндет.

Ашығын айтсақ, бұл тұста қордаланған мәселе өте көп.

Білікті энергетик мамандарымыз саусақпен санарлық. Есесіне, энергетика саласындағы түйткілдерге арналған форумдар мен пікірталастар жиі әрі кең ауқымда өткізіледі.

Алайда Қазақстан жыл сайын энергияның елеулі тапшылығымен бетпе-бет келіп жатады. Соның салдарынан, қыс мезгілінде, яғни электр энергиясына сұраныс шарықтайтын кезеңде көрші елдерден қуат көзін қымбат бағамен сатып алуға мәжбүрміз. Ал жаз айларында өзге елдерге энергияны тым төмен бағамен сатамыз.

Осындай құйтырқы әрекет ондаған жылдан бері жалғасып келеді. Маған мұны энергетика саласындағы қалыпты жағдай деп түсіндіріп бағуда.

Кезінде Балқаштағы ЖЭО құрылысының аяқталмай қалуына да осы жайт себеп болды.

Қазір де Түркістан, Қызылорда, Алматы және Екібастұздағы жаңа генерация қуаттарын іске қосу мерзімдері кейінге шегеріліп жатыр.

Қазақстан бүгінде сағатына 123 миллиард киловатт электр энергиясын өндіреді.

Қуат көзінің мұндай көлемі өнеркәсіп пен құрылыс саласын, ауыл шаруашылығы кешендерін қарқынды дамытып жатқан, ең бастысы, экономиканы жаппай цифрландыруды, жасанды интеллектіні қоғамның барлық саласына енгізуді және осыған байланысты деректерді өңдеу орталықтарын салуды жоспарлап отырған ел үшін мүлдем жеткіліксіз.

Сондықтан еліміз 2029 жылға қарай қуат көзін артығымен өндіретіндей деңгейге жету керек. Бұл – біздің алдымызда тұрған стратегиялық міндет.

Сол үшін жаңа электр станцияларын салып, қолданыстағы нысандар мен электр желілерін жаңғыртуға тиіспіз.

Сонымен қатар «таза» көмір генерациясын толыққанды дамытып, жаңартылатын қуат көздерін өндіру ісіне, соның ішінде күн электр станцияларын кеңінен қолдануға баса мән беруіміз керек.

Жалпы, Үкімет 2035 жылға дейінгі ұзақ мерзімге арналған бірыңғай энергетикалық теңгерімді қайта қарауға тиіс.

Бұл орайда атом генерациясының маңызы айрықша. Жалпы ұлттық референдумның нәтижесінде елімізде бірнеше атом электр станциясын салу туралы дұрыс шешім қабылданды.

Бұл станцияларды елу жылдан кейін, тіпті, одан арғы уақытта уран шикізатымен қалай қамтамасыз ететінімізді қазірден бастап ойластыруымыз керек.

Қазақстандағы атом электр станцияларының қажеттілігін өтеу үшін уранның алдағы жүз жылға жететін мемлекеттік стратегиялық қорын құру жөніндегі ұсыныс өте орынды. Бұл бастаманы жан-жақты пысықтау қажет деп санаймын.

АЭС құрылысына қатысатын шетелдік серіктестерді Қазақстанда жоғары технологиялық өндіріс орындарын ашуға, ядролық энергетика саласындағы тәжірибесімен бөлісуге, атом энергетикасы саласына қажетті мамандарды даярлауға кеңінен тарту маңызды. Ресей мен Қытай компанияларынан осындай ұсыныстар түсіп жатыр.

Келесі жылы «Балқаш» АЭС-інің құрылысын бастауға болады. Тіпті, бастауымыз қажет деп санаймын. Сондай-ақ, «Мойынқұм» АЭС-інің құрылысын мүмкіндігінше тезірек бастау үшін кешенді ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған жөн.

Әрине, келіссөздердің әр тармағы Қазақстанның ұлттық мүддесі тұрғысынан мұқият пысықталып, жан-жақты келісілуі керек.

Жалпы, азаматтық инфрақұрылымды жаппай жаңғырту және қайта құру ісіне бүкіл ел болып кірісетін боламыз.

Дегенмен мұндай маңызды стратегиялық міндетті орындау кезінде тек мемлекеттің ресурсына арқа сүйеуге мүлдем болмайды.

Бұл кәсіпкерлердің белсенділігін төмендетіп, патернализмге (соның ішінде экономикадағы), яғни масылдыққа әкеп соғады. Оның салдары қандай болатыны айтпаса да түсінікті деп ойлаймын.

Үкіметтің алдында ұзақмерзімді қаражат көздерінің барлығын жұмылдыру міндеті тұр.

Мұны заң талаптарын бұзбай әрі мемлекет мүддесіне сай қалай жүзеге асыруға болатынын қаржы қауымдастығымен бірлесіп, жан-жақты ойластырған жөн.

Қабылданатын шешімдер қарапайым қисынға негізделеді: мемлекет қаражаты жеке инвестиция тартуға кепіл болуы керек.

Бұған қоса, еліміздің индустриялық-технологиялық тұрғыдан жедел дамуына қажетті тетіктерді әзірлеу керек.

Қазақстан – минералдар мен шикізатқа бай мемлекет. Бұл – біз үшін стратегиялық жетістік.

Сондықтан геологиялық барлау тәсілдерін түбегейлі өзгерту қажет. Жаңа кен орындарын бұрынғы заманнан қалған әдістермен іздеу оң нәтиже бермейтіні анық. Қазіргі таңда геологияны жоғары технологиялық сала ретінде мойындауымыз керек.

Бізге озық технологиялардың көмегімен еліміздің жер қойнауын толыққанды зерттеп, деректердің ашықтығын және қолжетімді болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Жаңа кен орындарын іздеу және барлау үдерісіне жеке қаражатты белсенді тартқан жөн.

Бәріңізге мәлім, қазір айрықша маңызды металдардың рөлі артып келеді. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, бізге де осындай металдардың қорын тиімді басқаратын ұлттық жүйе құру қажет.

Аталған жүйеде тау-кен саласындағы жобаларды ұзақмерзімді қаржыландыруға мүмкіндік беретін нақты тетіктер болуға тиіс.

Елімізде осы бағытта жұмыс істеп жатқан кәсіпорындармен оффтейк-келісімшарт жасау арқылы кепілді сұранысты қамтамасыз еткен жөн. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндеттің бірі. Осы мәселені кәсіпкерлермен бірлесе талқылап, жыл соңына дейін маған нақты ұсыныс енгізу қажет.

Сондай-ақ сарапшылар мен мамандардың пікіріне сүйенсек, ұлттық түрлі-түсті және сирек кездесетін металдардың қорын қалыптастыру қажеттілігі пайда болып жатыр.

Түпкі мақсат – елімізді жаһандық өндіріс тізбегіне қосу. Экспорттық саясатымыз да осы мақсатқа сай жүргізілуі керек.

Үкімет бұл саладағы дамыған елдермен стратегиялық серіктестік орнатуға тиіс.

Жаңадан ашылған кәсіпорындар жұмыс істеп тұрған жергілікті бизнес нысандарына орынсыз кедергі келтірмеуі керек. Инвесторларды тартқан кезде де осы мәселеге мән беріп, әр аймақты, әр саланы мұқият зерделеген жөн.

Қате шешімдердің салдары қандай теріс нәтижелерге әкеп соқтырғанын көріп отырмыз.

Мәселен, елімізде металл өндіретін Qarmet деген ірі кәсіпорын бар. Соған қарамастан, тағы үш облыста дәл осындай өндіріс орындарын ашу жоспарланған. Осы кәсіпорындардың өнімі нарықтың сұранысына ие бола ма? Бұл сұраққа нақты жауап жоқ сияқты. Сондықтан осындай үйлесімсіз шешімдердің пайдасы күмәнді екеніне дау жоқ.

Мекемеаралық байланысты нығайтпасақ, экономикамыз өз әлеуетін жоғалтып алады. Әрбір аймақ өзінің басымдықтарын айқындап, соған сай жұмыс істеуі керек.

Осы мәселе бойынша Үкіметтің үйлестіру рөлін әлдеқайда күшейту қажет екені анық. Бірақ аймақтар жекелеген салаға немесе кәсіпорынға тәуелді болып қалмауға тиіс. Сондықтан өңірде негізгі саланы дамыта отырып, оның айналасында және ішінде де толыққанды біртұтас жүйе құру маңызды.

Атап айтқанда, білім беру, қолданбалы ғылым, логистика, қызмет көрсету салаларын, сабақтас өндірістерді және технологиялық кәсіпкерлікті дамытқан жөн.

«Халықтық құрылыс» әр аймақта осындай жүйе, яғни қазіргі тілмен айтсақ, экожүйе құруға оң ықпал ететініне сенім бар.

Келесі мәселе. Ауыл шаруашылығының одан әрі қарқынды дамуына барлық күш-жігерімізді салуымыз қажет.

Былтыр бұл сала шамамен 6 пайызға өсіп, агроөнеркәсіп кешенінде өндірілген өнім көлемі 15 триллион теңгеге жетті.

Жеңілдетілген шарттармен қаржыландыру көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 1 триллион теңгеден 1,5 триллион теңгеге дейін ұлғайды.

Дегенмен бөлінген қаражаттың бір бөлігі күнделікті қажеттіліктер мен айналымдағы қаражатты толықтыру үшін жұмсалып отыр.

Шаруаларға алдағы жұмысын ұзақ мерзімге жоспарлауға мүмкіндік беретін кең ауқымды қаржыландыру жүйесі керек.

Сондықтан Үкімет фермерлерді ұзақ мерзімге арналған инвестициялық ресурстармен қамтамасыз ету үшін тиімді әрі пәрменді тәсілдерді енгізуі қажет.

«Бәйтерек» холдингі тағам өнеркәсібі саласында жалпы құны 500 миллиард теңгеден асатын әлеуеті зор жобалар тізімін дайындады. Соның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қолжетімді әрі жеңілдетілген шарттармен қаржы бөлу мәселесін созбалаңға салмай, сапалы жобаларды дереу жүзеге асыру керек.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласын технологиялық тұрғыдан жаңғыртудың сәті келді.

Елімізде шығарылатын технологиялық тұрғыдан сапасы жоғары тракторлар мен комбайндардың санын көбейту қажет. Бұл – өзекті мәселе. Осылайша, біз ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра түсеміз.

Өткен аптада Астанада іссапармен болған NVIDIA компаниясының басшысы, жаңа толқындағы ірі кәсіпкер Дженсен Хуанг Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласына жасанды интеллектінің тәсілдерін енгізетін кез келді деп, өз пікірін айтып кетті.

Меніңше, бұл – өте орынды ұсыныс. Оны жедел қарқынмен іске асыруымыз керек.

Еліміз осы белесті ойдағыдай еңсеріп алса, әлемдік ауқымдағы азық-түлік тапшылығы, яғни жаһандық ашаршылық туындаған жағдайда Еуразия азық-түлікпен қамтамасыз ететін негізгі орталық болуы әбден ықтимал екеніне күмән жоқ.

Елімізде ірі су көздеріне жақын орналасқан үлкен аумақты алып жатқан жер алқаптары бар. Сол жерлерді суармалы егіншілікке пайдалану дәстүрлі дақылдардың өнімділігін 2-2,5 есе көбейтуге ықпал етеді.

Жаңа алқаптарды игеру кезінде су үнемдеудің озық тәсілдерін және агрохимиялық технологияларды қолдану аса маңызды. Бірақ елімізде бұл жұмыстың тиімділігі әлі де төмен.

Елімізде су ресурстарының тапшылығын жою үшін жүйелі әрі батыл шаралар қабылдау қажеттігін ерекше атап өткім келеді.

Ең алдымен, суды тиімді және үнемдеп пайдалану қағидаттарының жаппай сақталуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі заманда бұл ресурстың мән-маңызы айрықша.

Үкімет пен әкімдіктер суды пайдалануға бақылауды күшейту керек. Түрлі желідегі, сондай-ақ, көлік жуу орындарындағы су шығынын азайтып, ауыз судың жөнсіз пайдаланылуына жол бермеу қажет. Ауыз суды көлік жууға тұтыну – барып тұрған сорақылық. Судың да сұрауы бар.

Менің тапсырмаммен Үкімет су пайдалану саласында ауқымды тарифтік реформаны қолға алды. Оны соңына дейін жеткізу керек.

Суды үнемдеп пайдалану бәріне ортақ міндетті қағида болуға тиіс.

Су ресурстарын түгелдей әрі дұрыс есепке алу үшін цифрлық құралдарды толыққанды пайдалану айрықша маңызды.

Бұл жаңа өндірістерді жоспарлау кезінде мұқият ойластырылған, салмақты шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Сондықтан Үкімет Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін құру ісін көпке созбай, тез арада аяқтауы керек.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісін дамытуға баса мән берген жөн. Қазірдің өзінде бұл бағытта табысты жобалар бар.

Мәселен, Қызылорда облысының шаруалары қатаң климатқа қарамастан жүгері мен соя өсіріп, оны өңдеумен айналысады. Ал Түркістан облысында қытай компаниясы суды тиімді пайдаланатын заманауи мақта-тоқыма кластерін құрып жатыр.

Үкімет осындай озық тәжірибелердің ел аумағында кең тарауына жағдай жасап, инвесторларға уақтылы қолдау көрсетуі керек.

Сонымен қатар мұндай заманауи тәсілдерді мал шаруашылығында да жан-жақты пайдаланған дұрыс.

Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесін басшылыққа ала отырып, елімізде 71 тауар-сүт фермасы іске қосылды. Бұл фермаларда жыл сайын 462 мың тоннадан астам сүт өндіріледі.

Ақмола облысында шетелдің озық тәжірибесіне сай ет кластері құрылып жатыр. Осындай жобаларды қолдауға болады, қажетті жағдайда қаражат та бөлу керек.

Өндіру және өңдеу жұмысымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және сату жүйесін жетілдірген жөн.

Ірі холдингтерден бастап, шағын шаруа қожалықтарына дейін агрологистика орталықтарының қызметін кедергісіз пайдаланатын мүмкіндік болуға тиіс.

Жалпы, халықтық құрылыс аясында ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту ісіне де баса мән беру керек. Бұл – стратегиялық маңызы бар міндет.

Сондықтан Үкімет пен «Бәйтерек» холдингі бірлесіп, нақты шешімдерді қабылдауы қажет.

Экономиканың негізгі салаларын дамыту үшін өнімді терең өңдеумен айналысатын, еңбек өнімділігін арттыратын жобаларға басымдық берген жөн. Бұл – басты талап.

Әсіресе, ірі инфрақұрылымдық бастамаларға қажетті құрылыс материалдарын, металл конструкцияларын, инженерлік жабдықтарды өз елімізде өндірген жөн. Мұндай жобалар «Халықтық құрылыс» бағдарламасының тірегіне айналуы керек деп санаймын.

Ұлттық қор арқылы импортты қаржыландыруға жол беруге болмайды. Бұл – маңызды талап.

Экономиканың дамуына тың серпін беру үшін озық технологиясы бар, қажетті сараптамалық тәжірибесі және жаһандық нарықтарға шығу мүмкіндігі зор әлемнің жетекші компанияларын, солардың ішінде отандық компанияларды да тартқан жөн.

Инвестицияның тиімділігі жұмыс істей бастаған өндіріс орындарының санымен, сапасымен және оның экономикаға қосқан нақты үлесімен бағалануға тиіс.



3-бет

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



Басы 2-бетте

Әлемде инвестицияға талас күшейіп келеді. Бәсекеге қабілетті болу үшін жедел шешімдер қабылдап, жылдам әрекет ету қажет.

Бірақ елімізде инвестор тарту және оларды жан-жақты қолдау жүйесінде бірізділік жоқ.

Әрбір мекеме немесе жеке тұлға ойында не бар болса, соны істей береді. Нәтижесінде кешенді көзқарас та, үйлесімділік те, сабырлық та, білім де жетіспейді. Сондықтан инвестиция тарту ісін бір орталықтан басқаруға мүмкіндік беретін тұтас жүйені жетілдіре түсу керек.

Менің ойымша, баяғыдан сөреде жатқан мәселені, яғни инвестициялармен жүйелі түрде айналысатын мекемені анықтау керек.

Себебі қазіргі таңда осы бағытта жүйе жоқ. Бірқатар мемлекеттік мекемеге бірдей құзыреттер берілген. Қазіргі жағдайда бұл тәсілдер заман талабына сай келмейді, әбден ескірген.

Бәлкім, инвестицияға қатысты мәселелермен «Бәйтерек» холдингі белсендірек айналысқаны дұрыс шешім болар. Ал Экономика министрлігі, Сыртқы істер министрлігі инвестицияларға байланысты кейбір құзыретін орындауды жалғастырады.

Тағы бір өзекті мәселе.

Қарқынды дамитын Алатау қаласын салудың маңызы зор екені көпшілікке түсінікті деп ойлаймын. Болашақта бұл қала инвестиция мен кәсіпкерлікке қолайлы орталыққа айналады.

Кез келген халықаралық юрисдикцияның ұзақ уақыт бойы тартымды болуына бірден бір әсер ететін фактор – тиімді сот төрелігі.

Сондықтан Алатау қаласында жоғары сапалы сот төрелігін қамтамасыз ететін жүйе құрған жөн.

Жалпы құқықтың ағылшын үлгісіне сай жұмыс істейтін инвестициялық сот коммерциялық істерді қарайтын болады.

Арнаулы құқықтық режиммен байланысты басқа мәселелердің барлығы Азаматтық сот құзыретіне жатады.

Үкімет «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңға тиісті түзетулерді 2027 жылғы қаңтар айының соңына дейін Құрылтайдың қарауына ұсынуы керек.

Осы орайда еске сала кететін бір жайт бар. Барша беделді әрі адал кәсіпкерлердің инвестициялық мүддесі ең мықты әрі сенімді құқықтық құжат – Конституциямызбен қорғалған

Енді шағын және орта бизнес туралы пікірімді айтқым келеді.

Қазір оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 40 пайызға жетті, ал негізгі капиталға тартылған инвестициядағы үлесі 70 пайызға жақындап келе жатыр.

Шағын бизнестің маңыздылығы бәрімізге белгілі, ол көптеген елде экономиканың қозғаушы күші саналады.

Бүгінде бұл саладағы кәсіпкерлердің үштен бірінен астамы саудамен айналысады. Сол себепті шағын бизнес құрылымын әртараптандыруға баса мән беру қажет деп үнемі айтып жүрміз.

Сонымен қатар Үкіметтің алдында орта бизнесті дамыту жөнінде арнайы жоспар әзірлеу міндеті тұр. Құжатта кәсіпорындарды ұзақмерзімді қаржыландыру әрі технологиялық тұрғыдан жаңғырту тетіктері көрсетілуі қажет. Орта бизнес өкілдерінің ірі кәсіпорындармен тығыз жұмыс істеп, оларға өз өнімдерін өткізуіне жағдай жасау керек.

Қалай болғанда да, мемлекет экономикамыздағы ең маңызды тапсырыс беруші болып қала береді.

Сондықтан шағын және орта бизнесті мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың сатып алу үдерістеріне қатыстыру тәсілдерін жетілдіріп отыру қажет.

Сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің бір бөлігін шағын және орта кәсіпорындардың еншісіне қалдыруға болады.

Бұл ретте өнім жеткізушіге қойылатын талаптарды жұмсарту керек. Кәсіпкерлер үшін тұрақты «ойын ережесі» өте маңызды.

Негізі, мемлекеттік бақылау барынша еркін, еш қысымсыз жүргізіледі. Алайда, бұл жүйе айыппұлдар, жоспардан тыс тексерістер және шотты бұғаттайтын камералдық бақылаулар арқылы кәсіпорындардың жұмысына ықпал етіп отыр.

Мұны жағымды үрдіс деп айту қиын.

Бір қарағанда, биылғы бірінші жартыжылдықта жеке кәсіпкерлер жасаған заң бұзушылықтар саны 34 пайыз қысқарған. Дегенмен, айыппұл сомасы шамамен 11 пайызға ұлғайған, ал жоспардан тыс тексерістер ондаған есе көбейген.

Бизнеске «кедергі келтірмеудің» өзі үлкен көмек екенін іскерлік белсенділікке қатысты жүргізілген талдау анық көрсетіп отыр.

Бұл орайда микро және шағын бизнесті тексеруге 2020-2023 жылдарда жарияланған мораторийдің пайдалы тәжірибесіне қайта жүгінуге болады. Бұл тәжірибе өз тиімділігін көрсетті.

Құрылтай депутаттарына Үкіметпен бірге 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кезекті үш жылдық мораторий енгізудің қаншалықты орынды екенін талқыға салуды ұсынамын. Бұл ретте бұған дейінгі мораторийдің артықшылықтары мен кемшіліктері түгел ескерілуі керек.

Аталған қадамды бақылау-қадағалау жүйесін толық өзгертіп, реттеудің цифрлық моделіне көшуге арналған стратегиялық үзіліс деп қарастырған жөн.

Сонымен қатар экономикалық баптар бойынша қылмыстық қудалауға ұшыраған кәсіпкерлерден түсетін шағым толастаған жоқ.

Сондықтан экономикалық құқықбұзушылықтарды қылмыстық сипаттан арылтып, ізгілендіру шараларын қабылдаған жөн.

Кәсіпкерлерге, әсіресе, шағын және орта бизнеске тең мүмкіндік беріп, әділ бәсекеге жол ашу қажет. Кей жағдайда осы талап сақталмайды.

Оған дәлел: қазірдің өзінде өндірушілер, әсіресе азық-түлік саласындағы кәсіпорындар бірқатар қиындыққа тап болуда. Тіпті, әдейі жасалған кедергілер де бар.

Мысалы, импорттық тауарлардың құны қолдан төмендетіліп отыр. Ал отандық өнімдердің ішкі нарыққа шығу жолы әдейі шектеліп жатады. Шынын айтқанда, бұл – жемқорлық. Сондықтан осындай қитұрқы әрекеттерді тоқтату керек.

Мұндай ахуал еліміздің компаниялары мен тауарларының бәсекеге қабілетін едәуір әлсіретіп жіберетіні сөзсіз.

Осындай іс-қимылдарға қатаң тосқауыл қоймасақ, экономикамызға зиян болатыны айдан анық. Басқаша айтсақ, бизнесті қорғау – ұлттық экономиканың дербестігін нығайту деген сөз. Ал бизнеске қолдан заңсыз тосқауыл жасау, бұл – мемлекетке қарсы жасалған қылмыс деп айтсақ артық болмас.

Сондықтан кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру, яғни нығайту қажет. Бұл жұмысты сауда бірлестіктері аясында жүргізуге де болады.

Келесі. Қазақстан цифрлық экономика құруға міндетті. Онсыз болмайды.

Біз өз мүмкіндіктерімізді дұрыс әрі шынайы бағамдап, жаңа технологиялар ұсынатын жақсы дүниенің бәрін халық игілігіне пайдалануға тиіспіз.

Digital Qazaqstan кешенді стратегиясын іске асыру үшін негізгі инфрақұрылым салу ісі басталып кетті.

Екі суперкомпьютер іске қосылды. Жыл соңына дейін үшінші қуатты компьютер пайдалануға беріледі.

Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу жұмысы аяқталды. Деректерді өңдейтін орталықтар салынып жатыр.

Бұл – елімізді цифрлық жаңғырту жолында атқарылған жұмыстардың бір бөлігі. Біз жаңа технологиялық даму кезеңіне апаратын ұзақ әрі үлкен жолдың басында тұрмыз.

Уақыт талабына сай болу үшін нақты нәтижелерге қол жеткізу маңызды. Осыған басымдық беру қажет.

Дегенмен, әзірге нақты іске қарағанда құрғақ сөз көп. Цифрландыру ісі қолданыстағы үдерістерді автоматтандырудан ары аса алмай отыр.

Цифрландыру қымбат бағдарламалық өнімдерді сатып алумен шектелмеуге тиіс. Ең алдымен, оның пайдасын толық түсінуіміз керек.

Шын мәнінде, біз жасанды интеллектіні коммерцияландыру, активтерді токендеу, блокчейнтехнологиялары мен цифрлық платформалар экожүйелерін дамыту жұмысын енді ғана бастадық.

Экономикада цифрландыруды іс жүзінде қолдануға бағытталған нақты шаралар бағдарламасын әзірлеу қажет.

Қазіргі таңда миллиондаған азамат маркетплейстерді, тамақ жеткізу және такси шақыру қызметтерін, басқа да көптеген қызметтерді, соның ішінде озық елдердің көбіне үлгі болып отырған Қазақстандағы банктердің қызметтерін күнделікті пайдаланып жүр. Бірақ, мұнымен шектелмей, алға қадам басу керек.

Елімізде жоғары өнімді цифрлық экономиканы дамытуға тың серпін беру үшін қажетті нәрсенің бәрі бар.

Жастарымыз білімді әрі жасампаз. Интернет қолжетімді. Озық цифрлық инфрақұрылым құрылды.

Бүгінде кез келген азамат үйінен шықпай-ақ бірнеше минуттың ішінде банк есепшотын аша алады. Бөліп төлеуді рәсімдеп, тауар сатып алу үшін де сыртқа шығудың қажеті жоқ.

Цифрландырудың келесі кезеңінде қолжетімділікті қамтамасыз етуден мүмкіндіктер аясын кеңейтуге көшуіміз керек.

Парадигманы өзгертіп, алдымызда тұрған міндеттерге мүлде басқа қырынан қарауға тиіспіз.

Біздің мақсатымыз – шын мәнінде халықтық цифрлық экономика құру.

Интернет қоғамдық санада тұтыну мен көңіл көтерудің ғана емес, жасампаздық пен еңбектің виртуалды аумағына айналуы керек.

Смартфондар азаматтарымыз үшін уақытты зая өткізетін қымбат ойыншық емес, тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін құралға айналуға тиіс.

Үкімет жыл соңына дейін цифрлық форматта жұмыспен қамтудың жеңілдетілген құқықтық режимін қалыптастырады.

Халықтық цифрлық экономика құру үшін адамдардың мүмкіндіктері тұрғылықты жеріне тәуелді болмауы өте маңызды.

Азаматтарымыз ауылда немесе қалада тұрса да, смартфон арқылы заңды табыс табуды үйренуге тиіс.

Кәсіпкерлікті қолдауға арналған қазіргі шараларды жекеменшік маркетплейстердің, банктердің, логистикалық компаниялар мен цифрлық сервистердің мүмкіндіктерімен ұштастыру міндеті тұр.

Несие беру мен субсидиялаудан бөлек, өнім өндіруге және оны сатуға арналған қосымша құралдар қажет.

Келесі жылы Үкімет бизнес қауымдастығымен бірлесіп, бірқатар өңірде цифрлық дамуға қатысты пилоттық жобаларды іске қосуы керек. Мұндай қадам ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге өз тауарын өткізу ісін жолға қоюға көмектеседі.

Табысты тәжірибелерді барлық аймақта кеңінен таратқан жөн.

Активтерді токендеу, яғни оларды цифрлық ортаға көшіру ісін толық жүзеге асыру керек.

Бұл қадам азаматтарға компаниялар мен түрлі нысандардың меншік иесінің бірі болуына, ал кәсіпкерлерге артық делдалсыз тікелей капитал тартуға мүмкіндік береді.

Халықтық цифрлық экономика құрудың стратегиялық мақсаты – әрбір азаматтың әл-ауқатын арттыру үшін заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану.

Биыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында біз озық әрі технологиялық тұрғыдан дамыған мемлекет құру ісіне серпін бердік.

Енді бұл жұмысты әрі қарай жүйелі жалғастырып, жасанды интеллектіге негізделген цифрлық экономика құруымыз қажет. Үкімет, ұлттық компаниялар, креативті индустрия секторы осы үдеріске белсенді атсалысуға тиіс.

Бұл – жаңа дәуірдің талаптарына толық сай келетін аса маңызды жалпыұлттық міндет. Болашақтың экономикасын құру үшін таптаурын түсініктер мен ескірген тәсілдерден біржола арылуымыз қажет.

Қоғам дамуының мүлде жаңа негізін қалыптастыруымыз керек. Шын мәнінде, мұны озық технологиялар заманында өскелең ұрпақтың лайықты өмір сүруіне жол ашатын ұзақ мерзімге арналған жалпыұлттық миссия деуге болады.

Цифрлық дәуір қаншалықты күрделі, қиын, тіпті қауіп-қатерге толы болса да, біздің мақсат-мұратымыз өзгермейді.

Бұл – жаңа тұрпатты мемлекет құру, жаңғыру мен жаңару жолынан айнымау.

Сондықтан мен келесі жылды Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы деп жариялауды ұсынамын.

Жоғарыда айтқанымдай, осы жылдың аясында әр облыс орталығында, аудандарда, тіпті елді мекендерде азаматтық инфрақұрылым нысандарын салуға және жөндеуге белсенді түрде кірісеміз.

Жолдар, әуежайлар, вокзалдар, денсаулық сақтау мекемелері, соның ішінде ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған оңалту орталықтарының құрылысын бастаймыз.

Сондай-ақ барлық аймақта шығармашылық үйлері, спорт кешендері, кітапханалар және ғылыми орталықтар бой көтеруі керек. Әрине, тұрғын үй салу да маңызды міндет болып қала береді.

Біз ауқымды құрылысты қарқынды жүргіземіз. Бұл – халқымыздың жасанды интеллект дәуіріне беретін ортақ жауабы.

Конституцияда халықтың әл-ауқатын арттыру мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде айқындалды. Осы бастамалардың барлығы ел игілігі, әсіресе өскелең ұрпақтың қамы үшін қолға алынып отырғанын тағы да баса айтқым келеді.

Келесі өте маңызды міндет – мемлекеттік басқару ісінің сапасын толықтай жақсарту.

Инфрақұрылымды жаңғырту, жаппай цифрландыру және индустрия саласын дамыту үшін бюджеттен қомақты қаржы бөлініп жатыр. Жеке инвестиция да тартылуда.

Осы орайда, мына мәселеге назар аударғым келеді. Ауқымды құрылыс аясындағы жобаларды мұқият іріктеу, сенімді компаниялармен жұмыс істеу және бастаманы жүзеге асырудың әр кезеңін жіті бақылау өте маңызды.

Мемлекеттік аппарат осы міндетті кәсіби тұрғыдан мүлтіксіз орындауға дайын болуы керек.

Бұдан бөлек, макроэкономикалық саясатты мұқият ойластырып жүргізген жөн.

Соңғы жылдары Үкімет бюджет пен салық жүйесін толығымен қайта қарады.

Бірақ мемлекеттік саясаттың тиімділігі, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатына, экономикалық белсенділігіне қарап бағаланады.

Сондықтан біз үшін ең маңызды мақсат – халықтың табысын ұлғайту. Ол үшін бірінші кезекте инфляциямен жүйелі түрде күресу қажет.

Инфляция, бейнелеп айтқанда, азаматтарымыздың тұрмысын күннен күнге тұралататын қауіпті кесел.

Бағаның өсу қарқыны біршама бәсеңдеді. Дегенмен инфляция деңгейі әлі де жоғары.

Сондықтан, ең алдымен, Үкімет пен Ұлттық банк бірлесіп, үйлесімді жұмыс істеуі керек. Инфляцияны тежеп, төмендету қажет. Бұл – аса маңызды міндет.

Үкімет бюджет және салық саясатын барынша байыпты жүргізуі қажет. Сондай-ақ экономиканың өндірістік әлеуетін күшейтіп, бизнестің өнімділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау керек.

Қаржы нарығын реттеуші мекемелер де өз міндеттерін сапалы әрі тиімді орындауға тиіс.

Бүгінде Қазақстанның қаржы жүйесі айтарлықтай орнықты деңгейде. Оған дәлел: еліміздегі банктердің активі 75 триллион теңгеден (яғни 150 миллиард доллардан) асты.

Депозиттердің көлемі рекордтық көрсеткішке, нақты айтқанда, 52 триллион теңгеге, яғни 105 миллиард долларға жетті.

Салымдардың 78 пайызы ұлттық валютада сақталған. Бұл ұлттық теңгенің құндылығы арта түскенін көрсетеді.

Ендігі маңызды міндет – жинақталған қаржы ресурстарын экономиканың нақты секторын дамытуға тиімді пайдалану.

Осыған орай, Ұлттық банкке баға мен қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етумен қатар, экономиканы дамытуға жол ашатын бастамаларды жүзеге асыруға да атсалысатын кез келді.

Экономикамыз ұзақмерзімді қаржыландыруды қажет етеді. Оны толық өтеуге бюджет пен даму институттарының қауқары жетпейді.

Банктер бизнесті инвестициялық кредиттеуге барынша атсалысуға тиіс. Бұл – олардың негізгі миссиясы.

Ол үшін қажетті жағдай жасалуға тиіс, соның ішінде банк жүйесіндегі кәдеге жаратылмай жатқан бос қаржыны тиімді реттеу жолдарын ойлап табуға болады. Ал мұндай қаржы бар, әрі өте көп.

Пайдасыз пікірталасқа уақытымыз жоқ. Елді дамудың даңғыл жолына салатын шешімдер қажет.

Экономиканың басты салаларын ұзақмерзімді кредиттеудің жаңа тәсілдерін іске қосқан жөн. Бұған банктер, даму институттары, халықаралық қаржы ұйымдары және басқа да қаржы көздерін тарту керек.

Капитал нарығының мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейту міндеті тұр.

Сол себепті жеке кәсіпорындарды биржа құралдарын белсенді қолдануға ынталандыру маңызды.

Аса өзекті міндеттің бірі – қосымша қаржы тарту және инвестициялық тәртіпті күшейту.

Әзірленіп жатқан Капитал нарығы туралы заңда нақты тетіктер қарастырылуы қажет.

Әсіресе, ұлттық бірыңғай қаржы экожүйесін қалыптастыруға ден қойған абзал.

Қазақстан қор биржасы, «Астана» халықаралық қаржы орталығы және Alatau City жақын серіктес ретінде жұмыс істеуге тиіс.

Ұлттық банк пен Үкімет Қазақстанның қаржы нарығын дамытудың бірыңғай стратегиясын әзірлеуі керек.

Макроэкономикалық тұрақтылықты ұзақ мерзімге қамтамасыз етудің тағы бір жолы – бюджет саясатын реттеу.

Былтыр қабылданған Бюджет кодексі мемлекет қаражатын тиімді басқаруға және қаржылық тәртіпті күшейтуге мүмкіндік берді.

Дегенмен шығындардың жыл санап көбейіп бара жатқанын ескерген жөн. Сол себепті қазына қаржысын жоспарлау және басқару сапасын одан әрі арттыру қажет.

Орынсыз, тиімсіз шығындардың алдын алу үшін жасанды интеллект технологиясының мүмкіндігін пайдаланған дұрыс. Сондай-ақ мемлекеттік қазына жүйесін толыққанды цифрландыру жұмысын

4-бет

Басы 3-бетте.

аяқтау керек. Бюджет қаражатын басқарудың ортақ әдіс-тәсілдерге негізделген жүйесін құру қажет.

Үкімет пен Ұлттық банктен нақты ұсыныстар күтемін.

Келесі басымдық – салық саясатын жетілдіру.

Жаңа Салық кодексі бүкіл жүйені кешенді түрде қайта жаңғыртуға негіз қалады.

Бірақ мұндай ауқымды реформа жолында күтпеген мәселелер міндетті түрде шығады. Оны алдын ала болжау оңай емес.

Соның салдарынан жекелеген нормаларды қолдану кезінде бизнес түрлі қиындықтарға тап болып отыр.

Салық кодексі қатып қалған қағида не қасиетті кітап сөзі емес. Заң өмірдің шындығынан алшақ кетпеуге тиіс.

Сондықтан қайшылықтарды жойып, екіұшты түсіндірілген нормалардан арылу керек. Кәсіпкерлерге салмақ түсіретін артық жүктемені азайтып, сыңаржақ тұстарын алып тастаған жөн.

Салық жүйесі бизнестің дамуға деген ынтасына бөгет болмауы керек. Сондай-ақ инвестиция тартуға және жұмыс орындарын ашуға кедергі келтірмегені дұрыс.

Сондықтан Үкіметке бизнес өкілдерінің пікіріне құлақ асып, салық заңнамасына енгізілетін нақты өзгерістер легін әзірлеуді тапсырамын.

Кәсіпкерлердің жұмыс істеу қағидаларын өзгерте бермеу үшін бұл істі барынша байыппен жүргізу керек.

Біздің заңнамамыз тым көлемді әрі күрделі, сондықтан оны түсіну қиын. Осы мәселе кәсіпкерлердің бас ауруына айналып отыр.

Салық салудағы әділеттілік мәселесіне арнайы тоқталғым келеді.

Бай-бағландарға арналған жоғары салық мөлшерлемесін енгізу мәселесін талқылайтын кез келді деп санаймын.

Тағы да атап өтемін. Ешкім заңды түрде тапқан активке қандай да бір жолмен шектеу қойғалы жатқан жоқ. Бұл Конституция талаптарына қайшы болар еді.

Әңгіме әділеттілік туралы, яғни әр азаматтың ел дамуына лайықты, адал үлес қосуы жөнінде болып отыр.

Үкімет пен Құрылтай осы мәселені зерделеп, тиісті ұсыныстарын беруі қажет.

Әділ салық салу ашықтықты, яғни жаппай цифрландыруды талап етеді.

Салық түсімін арттырып, көлеңкелі экономика мен жемқорлық сынқатерлерін азайту үшін озық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні пайдалану қажет.

Қазіргі жағдайда инновацияларды табысты енгізіп, экономиканың бәсекеге қабілетін арттыру ісінде құқық жүйесі айрықша рөл атқарады.

Қолданыстағы Азаматтық кодекс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында қабылданды.

Кодекс өзінің тарихи миссиясын толық атқарып шықты десек, артық болмайды.Бұл құжат нарықтық экономиканың негізгі институттарын құруға жол ашты, меншікті қорғау қағидатын бекітті.Бұған қоса, жаңа тарихи дәуірдегі азаматтық қатынастардың құқықтық негізін қалыптастырды. Дегенмен қанша жерден сапалы болса да, бұл Азаматтық кодекс өтпелі кезеңдегі экономика үшін әзірленді.

Сол кезде озық технологиялардың заты түгіл, аты да жоқ болатын. Әрине, соңғы 30 жыл ішінде бүкіл әлем, соның ішінде еліміз де түбегейлі өзгерді.

Осының бәрін ескере отырып, болашақтың экономикасына байыппен көшуге құқықтық негіз болатын жаңа Азаматтық кодекс қабылдау қажет деп санаймын.

Бұл кәсіпкерлердің, инвесторлардың және азаматтардың алаңсыз жұмыс жүргізуі үшін құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылтай депутаттары Үкіметпен бірлесе отырып, осы маңызды құжатты әзірлеуге тез арада кіріскені жөн.

Құрылтай жаңа Азаматтық кодексті келесі жылдың аяғына дейін қабылдаса жөн болар.

«Халықтық құрылысқа» қажеттілік

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



экономикалық міндеттерден ғана туындаған жоқ. Түрлі салада қордаланған құрылымдық теңгерімсіздік осыған алып келді.

Халық саны мен ішкі көші-қонның өсуі бұған дейін әупірімдеп жұмыс істеп тұрған әлеуметтік нысандарға шектен тыс салмақ түсіреді.

Бұл кеше ғана пайда болған түйткіл емес.

Өткен онжылдықтарда әлеуметтік көмекті шамадан тыс көбейту есебінен мемлекеттік басқарудағы қателіктер мен кемшіліктерді жасырып-жабу, яғни азаматтардың көңілін табу қалыпты дүниеге айналды.

Мемлекет ресурсы желге ұшты, тіпті жағдайы жақсы отбасылар да жәрдемақы алды. Осы кезде мектептер мен ауруханалар тапшылығы ұдайы ұлғайып отырды.

Бұл қоғамда патернализм мен масылдық көңіл-күйдің күшеюіне түрткі болды. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде ашықтан ашық тонау және сыбайлас жемқорлық белең алды.

Негізсіз жеңілдіктер мен жәрдемақылардың тым көптігі – институционалдық шалағайлықтың, керек десеңіз, мемлекеттік аппараттың әлсіздігінің белгісі. Бұл – елдің жарқын келешегін қамтамасыз ету ісінде көрегенділік жетіспейді деген сөз. Мұны түсінген абзал.

Адамдарға бюджет қаражаты есебінен қамқорсынған сыңай таныту – барып тұрған популизм. Осының салдарынан халық мүддесіне қарсы, елдің орнықты дамуына тұсау болатын түрлі алаяқтық істер бүркемеленіп келді.

Бүгінін ғана ойлайтын адамдардың түсінігі осындай болады. Олар стратегиялық және мемлекеттік көзқарас тұрғысынан пайымдай алмайды.

Сондықтан әлеуметтік саясатты түбегейлі қайта қарап, уақытша түйткілдерді реттеуден гөрі стратегиялық мақсаттарға жетуге баса мән беру қажет.

Қайталап айтамын: мемлекеттік көмек шын мұқтаж адамдарға ғана берілуге тиіс. Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі – осы.

Жалпы, бұл салада өзекті мәселелер аз емес, соған байланысты Үкімет өз ұсынысын, шешімдерін беруде.

Қазір қоғамда осы мәселелер бойынша қызу талқы жүріп жатыр. Азаматтар өздерін алаңдатқан мәселелерді ашық айтуда.

Сондықтан бұл күрделі мәселені «өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай», байыппен, салмақты көзқараспен шешу қажет. Артық қыламын деп, тыртық қылуға мүлдем болмайды. Кез келген реформа терең сараптalып, мұқият зерттеліп, азаматтардың жағдайын мейлінше ескере отырып жүргізілуге тиіс.

Әлеуметтік көмектің жаңа тәсілдерін, соған қатысты ақпараттық жүйелердің қызметін алдын ала мұқият тексерістен өткізу қажет. Ең дұрысы, ондай жобаларды әуелі пилоттық режимде іске қосып, тиімділігі расталған соң ғана кең ауқымда қолдану керек.

Түптеп келгенде, әлеуметтік мемлекет дегеніміз – азаматтарды әлеуметтік төлемдерге тәуелді ету емес, бұл, ең алдымен, халықтың тұрмыс сапасын, әл-ауқатын арттыру деген сөз.

Сондықтан біз адам капиталының сапасын жақсартуға және өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға баса мән беріп отырмыз.

Қазақстанда жеті миллионға жуық бала бар. Бұл – халқымыздың 34 пайызы. Жыл сайын 330 мыңнан астам сәби дүниеге келеді.

Елімізде халық саны қарқынды өсуде. Сондықтан денсаулық сақтау инфрақұрылымын жүйелі әрі жедел дамыту – өте маңызды міндет.

Біз ауқымды құрылыстың алғашқы кезеңінде еліміз бойынша сегіз заманауи перинаталды орталық салуды жоспарлап отырмыз.

Бұдан басқа, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Шымкент, Қаскелең, Семей, Ақтау қалаларында жеті көпбейінді балалар ауруханасы, Астанада тағы екі медициналық нысан бой көтереді.

Аталған жұмысқа бюджет қаражатымен қатар, жеке капиталды кеңінен тартқан жөн.

Қолға алынған мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жобаларын сәтті жүзеге асыру қажет. Мұндай серіктестік түрі әлеуметтік инфрақұрылымға салынатын жеке инвестиция көлемін ұлғайтуға көмектеседі.

Ең бастысы, тиісті рәсімдерді негізсіз созбай, шешімдерді тез қабылдау керек.

Сондай-ақ біз алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін жаңғырту ісіне ерекше мән береміз.

Осы тұрғыдан алғанда, жалпы практика дәрігерлерінің өкілеттігін кеңейтіп, бұл жүйені қаржыландыру көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту маңызды.

Үкіметке келер жылдың 1 қаңтарынан бастап осы бағытта жұмыс істейтін учаскелік қызмет мамандарының жалақысын үздіксіз еңбек өтіліне қарай 40 пайызға дейін арттыруды тапсырамын. Бұл 77 мыңнан астам маманның табысын өсіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар біз жалақының ең төменгі мөлшерін кезең-кезеңімен көбейте береміз. Мен Үкіметке ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырамын.

Осы міндет келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап іске асырылуға тиіс. Бұл 1,8 миллион адамның, соның ішінде бюджеттен жалақы алатын 370 мыңнан астам қызметкердің табысын арттыруға ықпал етеді.

Тағы бір өзекті тақырып. Инклюзивті білім беру мәселесіне айрықша назар аударған жөн.

Бүгінде Қазақстанда инклюзивті білім алуға тиіс 237 мыңнан астам бала бар.

Өкінішке қарай, соңғы жылдарда ерекше қажеттілігі бар балалардың саны арта түсуде. Сондықтан Үкімет әкімдермен бірлесіп, осы салаға қатысты инфрақұрылымды дамытуға тиіс. Ауқымды құрылысты жүргізу кезінде бұл бағыт назардан тыс қалмауы қажет.

Маман тапшылығын азайту және ерекше қажеттілігі бар балалардың диагнозын ерте жастан анықтау жұмысы да жүйелі түрде жүргізілуі керек. Осы жұмысқа «Қазақстан халқына» қоры белсенді атсалысқаны жөн.

Тағы бір мәселе. Қоғамда оқу-ағарту саласындағы реформаларға қатысты түйткілдер көп талқыланып жүр.Жалпы, әр өзгеріс мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге, оның қызметіндегі артық жүктемені азайтуға бағытталуы керек. Іс жүзінде бұл міндет толық орындалмай жатқаны жасырын емес. Бұрын қағазбастылық көп еді. Енді оның орнын түрлі платформаларға, цифрлық жүйелерге енгізілуге тиіс есептер басып отыр. Ұстаздың негізгі миссиясы – балаға сапалы білім беру, яғни сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басы артық жұмысты доғару керек.

Біз мұғалімдердің абырой-беделін қорғауымыз қажет. Соңғы уақытта мектептерде оқушылар ұстаздарына дөрекі сөйлеп, тіпті, күш қолданатын жағдайлар да аз емес. Мұндай кезде көбінесе мектеп әкімшілігі де мұғалімге қысым көрсетіп жатады. Бұл – дұрыс емес.

Әр мәселе мұқият әрі жан-жақты қаралуға тиіс. Кез келген жағдайға отбасы да, оқушы да, ұстаз да, мектеп те – бәрі де бірдей жауапкершілікпен қарауы керек.

Оқу-ағарту министрлігі бұл жұмысты жіті назарда ұстауы қажет.

Құрметті Құрылтай депутаттары және Үкімет мүшелері!

Мен бұған дейін де айтқанымдай, еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басты.

Осындай бетбұрысты сәтте ұлттық жоспарымыз бен стратегиямыздың бәрін қайта зерделеуіміз керек.

Біз Тәуелсіздігіміздің келесі мерейлі белесіне қандай нәтижемен жететінімізді анық түсінуіміз қажет.

Алдымыздағы мақсаттарды нақты белгілеу арқылы біз бүгінгі міндеттер мен басымдықтарды айқындаймыз, дербес стратегиялық бағдарымызды берік ұстанып, жасампаз жоспарларды жүзеге асырамыз.

Сондықтан, Президент Әкімшілігі Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, бір жылдың ішінде еліміздің ұзақмерзімді дамуының кешенді бағдарын айқындайтын құжат әзірлеуі керек.

Бұл жұмысқа ғылыми-зерттеу орталықтарын, соның ішінде Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын кеңінен тартқан жөн. Осынау маңызды құжатқа депутаттар да елеулі үлес қоса алады деп ойлаймын.

Бірақ бұл ауқымды жұмысты мемлекеттік басқару жүйесін реформалау ісінен бастауымыз керек.

Конституция заңды күшіне енген соң еліміздің саяси жүйесі толық жаңғырды. Осыған байланысты мемлекеттік мекемелер алдында тұрған міндеттер де күрделене түсті.

Қазір билік жүйесін дамытудың жаңа стратегиясына сәйкес осы саланы түбегейлі реформалау қажеттігі туындап отыр.

Бұл үдерісте тұтас мемлекеттік аппараттың және әрбір мемлекеттік қызметшінің жұмыс тиімділігін арттыру маңызды міндет болуға тиіс.

Ең алдымен, Үкіметтен бастап ауыл әкімдеріне дейінгі барлық деңгейдегі басқару құрылымын қайта қарау қажет.

Билік жүйесі цифрландыру дәуірінің талаптарына сай жұмыс істеп, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуі керек.

Мемлекеттік мекемелерді ұтымды бастама көтеруге, дербес шешім қабылдауға ынталандыру қажет.

Әрбір мекеме өз өкілеттігімен қатар, тұтас мемлекеттік аппараттың қалай жұмыс істейтінін нақты білуге тиіс. Жасанды интеллектінің көмегімен қайталанатын міндеттерді, басқару жүйесіндегі қарама-қайшылықтарды жою керек.Мемлекеттік аппарат қағазбастылықтан толық және біржола арылуы қажет. Шешім қабылдауға, яғни дамуға кедергі келтіретін барлық рәсімді қысқарту керек.

Мемлекеттік қызметшілер кәсіби білікті, озық маман болуға тиіс. Өкінішке қарай, әзірге мұндай деңгейге жеттік деп айту қиын.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілерге арналған жаңа әдеп қағидаттарын әзірлеген жөн. Мемлекеттік қызметші, ең алдымен, Конституция талаптарын басшылыққа алып, Отанына және халқына адал қызмет етуге тиіс. Бұл жерде жекелеген өзгерістер туралы сөз болып отырған жоқ.

Бізге шынайы реформа қажет. Көзбояушылыққа жол беруге болмайды. Бұл – құқықтық және қаржылық шаралар қабылдауды талап ететін аса күрделі үдеріс.

Президент Әкімшілігі 2027 жылдың 1 маусымына дейін мемлекеттік басқару жүйесін реформалауға қатысты кешенді жоспар ұсынуы керек. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік басқару жүйесін цифрлық технология мен жасанды интеллектіге негізделген жаңа экономикаға бейімдеп, жаңғырту қажет.Біздің басты мақсатымыз – Әділетті, Күшті, Таза, Озық Қазақстанды құру.

Қазір мол мүмкіндіктердің дәуірі туды. Бұл дәуірдің орасан зор қауіп-қатерлері де бар.

Дәл осындай жауапты кезеңдерде ұлттың мінезі айқын көрінеді.

Енжарлық пен бейқамдық танытқан ел тарихта жеңімпаз ұлт болмайтыны қалатыны анық.

Замананың сын-қатеріне төтеп берудің бірден бір жолы – стратегиялық тұрғыда бір қадам алда жүріп жұмыс істеу, сол арқылы Қазақстанның болашақ келбетін қалыптастыру.

Әйтпесе, үнемі көштің соңында жүруге мәжбүр боламыз.

Мемлекет дамуының ең жоғары өлшемі саналатын да, барлық реформаның игілігін көретін де (қазіргі тілмен айтқанда бенефициарлары) – біздің азаматтарымыз.

Сондықтан менің стратегиялық бағдарымның өзегінде әділдік идеясы тұр.

Жаңа тарихи кезеңге қадам баса отырып, біз барлық азаматтық инфрақұрылымды салу және жаңғырту ісіне кірісіп жатырмыз.

Алдағы бірнеше жылда барлық аймақта қарқынды құрылыс жүргізіледі.

Бұған дейін айтқанымдай, біз жаңа автожолдар, өнеркәсіп және энергетика нысандарын, темір жолдар, көпірлер, инженерлік желілер, гидротехникалық нысандар, мектептер, ауруханалар, спорт кешендерін және мәдениет ошақтарын саламыз.

Заманауи инфрақұрылымдарды салу ісі ондаған жаңа өндіріс орындарын ашуға ықпал етіп, ең бастысы халықтық цифрлық экономиканы дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, біз темірдей тәртіптің, жоғары жауапкершіліктің және қажырлы еңбектің арқасында көп ұзамай ауылдарымыз бен қалаларымыздың келбетін түбегейлі өзгертеміз.

Ортақ мекеніміз – Қазақстан Республикасын бұдан да қуатты, бұдан да тартымды елге айналдырамыз.

Біз «Заң мен Тәртіп» қағидатына бағына отырып, адал еңбек ету арқылы көздеген мақсаттарымызға міндетті түрде қол жеткіземіз және келер ұрпаққа лайықты мұра қалдырамыз.

Бұған дейін бірнеше мәрте айттым, тағы да қайталаймын: бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер кезеңінде елдің бірлігі мен қоғамның әлеуметтік тұрғырын барынша нығайта түсуіміз қажет.

Біз сонда ғана стратегиялық міндеттерімізді толық орындай аламыз.

Осы жолмен жүрсек, Қазақстан әлемдік өркениет көшінің алдыңғы шебінен лайықты орын алатынына кәміл сенемін.

Жалпы, кез келген реформаны іске асыру үшін заңдарды жетілдіру, саяси институттарды нығайту жеткіліксіз. Ең алдымен, сана жаңғыруға тиіс. Еліміз орнықты дамуы үшін қоғамда жаңа этика орнығуы қажет. «Адал азамат» идеологиясы өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуы керек.

«Өрекет түбі – берекет» деген халқымыз. Сондықтан мейлінше ширақ болып, отаншыл азамат екенімізді жасампаз істермен көрсету аса маңызды.Ал отаншыл болу – заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну, ел игілігі үшін табанды еңбек ету деген сөз. Заңға құрметпен қарайтын адам табысты болады.

Мен Қазақстан әрбір азаматтың дамуына жол ашатын, жалпыға бірдей мүмкіндік беретін, бірлігі бекем, Әділетті әрі Өркениетті мемлекет болуын тілеймін. Аталған мақсатқа жету үшін бар күш-жігерімді салып келемін және алдағы уақытта да солай болады.

Қазіргі заманның басты қуаты – білім мен ғылымда, озық инновацияларда. Жаңа технологияларды, жасанды интеллектіні терең меңгерген ел дамиды.

Мемлекетімізге мықты ғалымдар, кәсіби инженерлер, ұлағатты ұстаздар мен білікті дәрігерлер әрқашанда керек болады.Мен ұлтымыздың көшін алға бастай алатын отаншыл азаматтарға зор үмітпен қараймын.

Қадірлі қауым!

Бүгін мен елімізде жасалып жатқан ауқымды өзгерістерге кеңінен тоқталдым. Жарқын болашағымызды айқындайтын маңызды бастамалар жөнінде айттым.Алдымызда тұрған тарихи міндеттерді табысты жүзеге асыруымыз керек. Біз әр азаматтың дамуына, барша жұрттың өркендеуіне жол ашатын берекелі қоғам, Әділетті Қазақстанды міндетті түрде құрамыз.Баршаңызға амандық және табыс тілеймін!Отанымыз – Қазақ елі мәңгі жасасын!

akorda.kz

ОСЫ ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ 5%-ҒА ӨСТІ



Жетісу облысында биылғы қаңтар-қыркүйек айларындағы қысқа мерзімдік экономикалық индикатор 105,0% құрады. Негізгі салаларда тұрақты өсім байқалады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметінше, өткен 9 айда өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 363,6 млрд теңгені құрап, өсім 29,8% болды. Ал ауыл шаруашылығында өндірілген жалпы өнім көлемі 363,6 млрд теңгеге жетіп, 2,7 % өсім байқалды.

Көлік қызметінің көлемі 175,6 млрд теңге, яғни өсім 16,5%, ал байланыс саласында – 8,6 млрд теңге, өсім 10,5% болды. Сауда көлемі 884,2 млрд. теңге, НКИ - 111,7%.

Аталған мерзімде өңірге 270,7 млрд теңге инвестиция тартылса, соның 189,4 млрд теңгесі – жеке инвестициялар.

Экономиканың барлық салаларына 18 650 адам жұмысқа орналастырылса, тұрақты жұмыс орындарына 11 520 адам жіберілді.

Фототілшілер: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕРЗІМІНЕН БІР ЖЫЛ БҰРЫН: ЖЕТІСУДА МҰҚЫРЫ АСУЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР АВТОЖОЛДЫҢ 21 ШАҚЫРЫМДЫҚ УЧАСКЕСІ АШЫЛДЫ



Жетісу облысында Президенттің автожол инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында «Алматы – Өскемен» республикалық маңызы бар автожолдың Мұқыры асуындағы 21 шақырымдық учаскесі (213–234-км) жоспарланған мерзімнен бір жыл бұрын пайдалануға берілді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Нысанның ресми төлқұжатына сәйкес, жол учаскесін пайдалануға беру мерзімі 2027 жылғы желтоқсанға белгіленген болатын. Алайда жол құрылысын жүргізушілер төрт жолақты негізгі жолдың құрылысын мерзімінен бұрын аяқтады.

Маңызды жол учаскесін іске қосу рәсімінде сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов:

– Жетісу облысындағы автожолдардың сапасын арттыру мақсатында соңғы үш жылда облыс әкімінің бақылауымен ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары – «Талдықорған – Үшарал» республикалық маңызы бар автожолы және «Үшарал – Достық» республикалық маңызы бар автожолын реконструкциялау. Сондай-ақ былтыр «Сарыөзек – Қорғас» бағытындағы жолдың жөндеу жұмыстары аяқталды. Биыл Сарыөзек ауылының айналма жолының 7 шақырымдық учаскесі пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, «Алматы – Өскемен» автожолының Алматы облысының шекарасынан бастап Талдықорған қаласының айналма жолына дейінгі бөлігінде, сондай-ақ қаланың айналма жолдарында жалпы ұзындығы 159 шақырым болатын орташа және күрделі жөндеу жобалары жүзеге асырылуда. Оның 103 шақырымы биыл толық жөнделді. Қалған бөлігі келесі жылы аяқталады. Осы бағыттағы маңызды учаскелердің бірі – Мұқыры асуы арқылы өтетін жолдың көлік қозғалысы үшін ашылуы осы атқарылған жұмыстардың нәтижесі деуге болады, – деді Ә. Қанағатов.

Әрине, жобаның сәтті жүзеге асырылуында жол саласы мамандарының еңбегі орасан.

Ұзындығы 21 шақырым болатын жол учаскесі жұмыс күші мен ресурстарды жұмылдырудың нәтижесінде мерзімінен бұрын пайдалануға берілді. Құрылыс жұмыстарына 514 жолшы, 231 арнайы техника тартылып, жылжымалы асфальт-бетон зауыты жұмыс істеді. Құрылысшылар 551,4 мың текше метр жер қазып, жолдың кешенді негізін төседі, 42 су өткізу құбырын орнатты, көпір салып, жолға беріктігі жоғары қиыршық-мастикалық асфальт төселді.

Жолдың ашылуына орай жергілікті тұрғындар пікір білдірді. Солардың бірі – Көксу ауданының тұрғыны Мәлік Бейсен:

– Бұл жол – маңызды күретамыр. Осы жол арқылы жүктер тасымалданып, адамдар әр қилы бағытқа қатынайды. Енді жол кім-кімге де ыңғайлы, жайлы әрі қауіпсіз болады. Біз, аудан тұрғындары, атқарылған жұмысты өз көзімізбен көру үшін жолдың ашылу рәсіміне арнайы келдік. Нәтижесіне көңіліміз толды, – деді ол.

Атап өтсек, жыл қорытындысы бойынша Жетісу облысындағы автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 96%-ды құрайды.

Фотограф: Жұмабай Мұсабеков

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



Сыбайлас жемқорлық - бұл парасаттылық пен адалдықтың болмауы, әсіресе парақорлыққа ұшырау. Әділетсіз жолмен пайда табу үшін лауазымдық жағдайды пайдалану.

Сыбайлас жемқорлық ел байлығының төмендеуіне және өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкеледі.

Сыбайлас жемқорлық сізге тікелей әсер етпейді, тіпті егер сіз оған тікелей тап болмасаңыз да.

Осылайша, сыбайлас жемқорлық жүйесі бизнестің дамуына кедергі келтіреді, бұл елдің жалпы байлығының төмендеуіне әкеледі;

Біз оны жойғанға дейін сыбайлас жемқорлық жойылмайды:

- пара бермеңіз;

- жеке адалдық негізінде қажетті нәтижелерге қол жеткізуге тырысыңыз;

- сыбайлас жемқорлық жағдайларын жариялылық беріңіздер;

Сіз сондай-ақ:

- уәкілетті органдармен олардың қолданыстағы жүйелерін ынталандыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтарды қорғайтын заңдар құру мақсатында жұмыс жүргізу;

- сізге белгілі сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы уәкілетті органдарға хабарлау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және халықтың әл-ауқатын қорғау бойынша көптеген компаниялар өткізетін шараларға қатыса аласыз.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛЕР СЛЕТІ: ЖЕТІСУДА ЕРІКТІЛЕР АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫП, ЕҢ ҰЗЫН КӨШЕНІ ТАЗАЛАДЫ

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

Жетісу облысында Халықаралық волонтерлер жылы аясында «ZHETISU VOLUNTEER: Бірлік. Ізгілік. Әрекет.» республикалық волонтерлер слеті ұйымдастырылды. Ауқымды іс-шараға еліміздің барлық өңірінен келген 70 волонтер, жастар ұйымдарының жетекшілері, волонтерлік қозғалыс өкілдері мен сала сарапшылары қатысты. Слетқа келген делегаттар «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы аясында Талдықорғанда ағаш көшеттерін отырғызды, сол сияқты Текелі қаласында ұзындығы шамамен 38 шақырым болатын Дінмұхамед Қонаев атындағы көшенің бойында тазалық жұмыстарын жүргізді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Jetisu jastary» КММ ұйымдастырған республикалық слеттің басты мақсаты - еліміздегі волонтерлік қозғалысты дамыту, өңірлер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, волонтерлердің үздік тәжірибелерін ортаға салу және жастарды қоғамдық маңызы бар бастамаларға кеңінен тарту болды.

Республикалық слеттің салтанатты ашылуында «Ұлттық волонтерлер желісі» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры, Ұлттық волонтерлер фронт-офисінің басшысы Айбек Досымбетов сөз сөйлеп, волонтерлік қозғалыстың қоғамдағы маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, соңғы жылдары мемлекеттік деңгейде волонтерлік қызметке ерекше көңіл бөлініп, азаматтардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына кең мүмкіндіктер жасалуда.

– Ең алдымен баршаңызды осы салтанатты іс-шараның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Соңғы жылдары мемлекет деңгейінде волонтерлік қызметке ерекше көңіл бөлінуде. 2020 жылмен және одан кейінгі кезеңмен салыстырғанда волонтерлер саны едәуір артты. Бұл елге қызмет етуді жүрек қалауымен таңдайтын жастардың қатары көбейіп келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар волонтерлік қызмет алғаш рет Конституциямызда көрініс тапты. Сондықтан біз волонтерлерді қоғамның дамуына серпін беретін қозғаушы күштердің бірі деп санаймыз, – деді Айбек Досымбетов.

Осы күні еліміздің 20 өңірінен келген делегаттар 20 түп ағаш көшетін отырғызды. Сол сияқты бағдарлама аясында слеттің екінші күнінде қатысушылар Текелі қаласында ұзындығы шамамен 38 шақырым болатын Дінмұхамед Қонаев атындағы көшенің бойын тазалады.

Сонымен қатар слет аясында тәжірибе алмасу және волонтерлік қызметтің өзекті бағыттарын талқылауға арналған интерактивті сессиялар ұйымдастырылды.

Волонтерлік саладағы сарапшы, әдіскер әрі тренер Елена Амреева волонтерлік бастамаларды тиімді ұйымдастыру, еріктілермен жұмыс істеу және қоғамдық жобалардың нәтижелілігін арттырудағы тәжірибелерімен бөлісті.

Жастар арасында танымал блогер, мотивациялық спикер Алпамыс Жарылқасынов волонтерлік қызметтің маңызы, жастардың белсенділігі және қоғамға пайдалы бастамаларды қолдау туралы ойларын ортаға салды.

Интерактивті кездесулер барысында қатысушылар өз өңірлеріндегі табысты тәжірибелерімен бөлісіп, жаңа бастамалар мен бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқылады. Слет бағдарламасы аясында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.Атап өтсек, Жетісу облысында волонтерлік қозғалысты дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінде өңірде 1 100-ден астам волонтер, 13 волонтерлік ұйым және 18 бастамашыл топ қоғам үшін маңызды жобаларды жүзеге асыруға атсалысуда. Олардың қызметі экологиялық акциялар ұйымдастыруды, қарттар мен әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға көмек көрсетуді, қайырымдылық бастамаларын іске асыруды, салауатты өмір салтын насихаттауды және жастардың азаматтық белсенділігін арттыру бағыттарында.Өңірдегі волонтерлік қызметті үйлестіруде 2023 жылы құрылған «Мейірімді Жетісу» фронт-офисі маңызды рөл атқарды.

Жыл басынан бері облыс волонтерлерінің қатысуымен мәдениет, білім беру, экология және денсаулық сақтау салаларында 6 мыңнан астам акция өткізілді. Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, сондай-ақ жалғызбасты қарттарға көмек көрсетілді. Аталған іс-шараларға 50 мыңға жуық ерікті қатысты.

Екі күнге созылған «ZHETISU VOLUNTEER: Бірлік. Ізгілік. Әрекет» республикалық волонтерлер слеті еліміздің әр өңірінен келген белсенді жастарды ортақ мақсат төңірегінде біріктірген маңызды алаңға айналды. Слет барысында қатысушылар жаңа тәжірибе жинақтап, өңіраралық әріптестік байланыстарын нығайтты және алдағы уақытта бірлескен әлеуметтік әрі экологиялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған бастамаларды талқылады.

Волонтерлердің халықаралық жылы аясында ұйымдастырылған республикалық слет Жетісу облысында волонтерлік қозғалысты одан әрі дамытуға, жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына және волонтерлік мәдениетті кеңінен насихаттауға тың серпін берді.

Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ СЫЙЛЫ, ІСІМЕН КӨПКЕ ҮЛГІ



Еңбек – адамның өмірдегі орнын айқындайтын, абыройын асқақтатып, мерейін өсіретін асыл құндылық. Өз ісіне адалдық танытып, халықтың игілігі жолында табанды еңбек ету – үлкен жауапкершілікті, кәсіби біліктілікті және адамгершілікті талап етеді. Әсіресе, халықпен тікелей жұмыс істейтін әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбегі ерекше құрметке лайық. Себебі бұл саланың әрбір міндетінің артында адам тағдыры, отбасының жағдайы мен қоғамның әл-ауқаты тұрады.

Осындай жауапты саланың қыр-сырын меңгеріп, саналы ғұмырының жиырма жылдан астам уақытын мемлекеттік қызметке арнаған жандардың бірі – Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Ауельбекова Гаухар Рысбековна. Ол ұзақ жылдар бойы әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру бағыттарында еңбек етіп, мол тәжірибе жинақтады. Бүгінде өз ісін жетік меңгерген, кәсіби біліктілігі қалыптасқан маман ретінде ауданның әлеуметтік саласындағы міндеттерді орындауға үлес қосып келеді.

Туған жердің топырағынан нәр алып, елге қызмет етуді өмірлік ұстанымдарының біріне айналдырған ол еңбек жолын жауапкершілігі жоғары саладан бастады.

Гаухар Рысбековнаның еңбек жолы 2003 жылы басталды. 2003 жылғы 26 маусымнан 2004 жылғы 12 ақпанға дейін Ескелді аудандық еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімінде уақытша халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің маманы қызметін атқарды. Бұл кезең оның мемлекеттік қызмет саласындағы алғашқы қадамдары болып, болашақ кәсіби қалыптасуына негіз қалады.

Алғашқы еңбек жылдары кез келген маман үшін ерекше маңызды. Өйткені осы уақытта қызметтің қыр-сырын меңгеріп, тәжірибе жинақтап, кәсіби жауапкершіліктің мәнін терең түсіне бастайды. Гаухар Рысбековна да еңбек жолының алғашқы кезеңінен бастап әлеуметтік саладағы міндеттерді орындау арқылы білімін жетілдіріп, тәжірибесін шыңдады.

2005 жылғы 1 қаңтардан 2008 жылғы 21 сәуірге дейін Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жағдайы төмен азаматтармен және әлеуметтік бағдарламалармен байланысты бағытта маман болып қызмет атқарды. Бұл жұмыс әлеуметтік қолдауды қажет ететін тұрғындардың мәселелеріне назар аударуды, құжаттармен мұқият жұмыс істеуді және белгіленген талаптарды сақтауды қажет етті.

Әлеуметтік салада қызмет ету – тек лауазымдық міндеттерді орындау емес, сонымен қатар қоғамдағы өзара қолдау мен адамгершілік қағидаттарын жүзеге асыруға атсалысу. Көмекке мұқтаж азаматтардың өтініштерін қарау, тиісті ақпарат беру және әлеуметтік бағдарламалар аясындағы жұмыстарға қатысу маманнан ұқыптылық пен жауапкершілікті талап етеді. Гаухар Рысбековна осы бағытта еңбек ете отырып, тәжірибесін молайтып, кәсіби дағдыларын жетілдірді.

2008 жылғы 21 сәуірде штат кестесі мен басқару құрылымындағы өзгерістерге байланысты ардагерлер мен мүгедектігі бар азаматтар ісі жөніндегі сектордың жетекші маманы лауазымына тағайындалды.

Бұл бағыттағы қызмет те үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Өмірлік тәжірибесі мол ардагерлерге құрмет көрсету, мүгедектігі бар азаматтардың әлеуметтік мәселелеріне назар аудару және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру – қоғам үшін маңызды міндеттердің бірі.

Әрбір азаматтың жағдайына түсіністікпен қарап, мәселені заң талаптарына сәйкес шешуге ұмтылу – әлеуметтік сала маманына тән қасиет. Гаухар Рысбековна осындай қызметтік міндеттерді атқара отырып, әлеуметтік қорғау саласындағы тәжірибесін одан әрі байытты.

2012 жылғы 29 мамырдан 2 тамызға дейін ардагерлер мен мүгедектігі бар азаматтар ісі жөніндегі сектордың жетекші маманы қызметін атқарды. Ал 2012 жылғы 2 тамыздан 2014 жылғы 4 мамырға дейін жоспарлау және әлеуметтік бағдарламалар секторының бас маманы лауазымына тағайындалды.

Жоспарлау мен әлеуметтік бағдарламалар бағыты нақты есептілікті, жүйелі жұмысты, құжаттарды сауатты рәсімдеуді және белгіленген міндеттердің орындалуына мұқият қарауды талап етеді. Бұл қызметтер Гаухар Рысбековнаға әлеуметтік саланың әртүрлі бағыттарын тереңірек меңгеріп, кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашты.

Осылайша, ол еңбек жолының әр кезеңінде жаңа міндеттерді игеріп, тәжірибесін толықтырды. Әр қызмет оның кәсіби қалыптасуына ықпал етіп, жауапкершілік аясын кеңейте түсті.

Жауапты қызмет – кәсіби сенімнің белгісі

2014 жылғы 4 мамырда Гаухар Рысбековна Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Жұмыспен қамту» секторының меңгерушісі лауазымына ауыстырылды. Ол бұл қызметті 2022 жылғы 5 қаңтарға дейін атқарды.

Жұмыспен қамту саласы – азаматтардың еңбек ету мүмкіндіктерін кеңейтуге, жұмыс іздеушілерді қолдауға және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды бағыттардың бірі. Бұл саладағы жұмыстарды үйлестіру маманнан кәсіби сауаттылықты, ұйымдастырушылық қабілетті, жауапкершілік пен тиянақтылықты талап етеді.

Сектор меңгерушісі ретінде қызмет атқару барысында жұмыстың жүйелі жүргізілуіне, белгіленген міндеттердің орындалуына және қызметтік талаптардың сақталуына назар аудару маңызды. Мұндай қызметте бұрын жинақталған тәжірибе мен кәсіби білімнің орны ерекше.

Гаухар Рысбековна осы жылдар ішінде жұмыспен қамту саласының ерекшеліктерін терең меңгеріп, өзінің кәсіби тәжірибесін жетілдірді. Әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік бағдарламалар бағытында жинаған білімі оған жұмыспен қамту мәселелеріне жан-жақты қарауға мүмкіндік берді.

2022 жылғы 5 қаңтардан бастап бүгінгі күнге дейін Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде бас маман қызметін атқарып келеді.

Оның еңбек жолына көз жүгіртсек, әр жылдары әртүрлі қызметтерді атқара отырып, бір салада табанды еңбек еткенін көреміз. Маманнан жетекші маманға, сектор меңгерушісіне дейінгі қызметтік жолы – кәсіби тәжірибе жинақтаудың, жаңа міндеттерді меңгерудің және еңбекке жауапкершілікпен қараудың көрінісі.

Әлеуметтік сала – адам тағдырына бейжай қарамауды талап етеді

Әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбегі кейде көпшіліктің көзіне көріне бермейді. Дегенмен олардың күнделікті атқаратын жұмысы азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына, әлеуметтік бағдарламалардың орындалуына және халықтың тиісті ақпарат алуына ықпал етеді.

Бұл салада әрбір құжатқа мұқият қарау, өтініштерді белгіленген тәртіппен қарастыру, заң талаптарын сақтау және азаматтарға дұрыс бағыт көрсету аса маңызды. Өйткені әлеуметтік мәселелермен жұмыс істеу барысында адамға түсіністікпен қарап, оның жағдайын ескеру қажет.

Нағыз маманның ерекшелігі – өз міндетін жақсы білуімен қатар, оны жауапкершілікпен орындауында. Қызметтік тәртіпті сақтау, үнемі іздену, білімді жетілдіру және өзгерістерге бейімделу кәсіби шеберліктің негізгі көрсеткіштері болып саналады.

Гаухар Рысбековна әлеуметтік салада еңбек еткен жылдары осы бағыттағы мол тәжірибесін қалыптастырды. Әр кезеңде атқарған қызметтері оның кәсіби біліктілігін арттырып, жұмыстың түрлі бағыттарын меңгеруіне мүмкіндік берді.Мемлекеттік қызметтің басты мақсаты – халықтың мүддесіне қызмет ету. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік салада еңбек етіп жүрген әрбір маманның жұмысы қоғам үшін маңызды. Ал осындай жауапты міндетті жылдар бойы атқарып келе жатқан қызметкерлердің тәжірибесін бағалау мен еңбегін дәріптеу – еңбек адамына деген құрметтің белгісі.

«Шапағат» медалі – еңбектің еленгені

Адал еңбек пен жауапкершіліктің бағалануы – әрбір адам үшін үлкен мәртебе. Жылдар бойы жинақталған тәжірибе, кәсіби ізденіс пен қоғам игілігі жолындағы қызмет адамның өмір жолындағы маңызды белестерді қалыптастырады.

Гаухар Рысбековна «Шапағат» медалімен марапатталған. Бұл марапат оның өмір жолындағы елеулі жетістіктерінің бірі ретінде аталады. Еңбектің еленуі – адамға көрсетілген құрмет қана емес, оның алдағы уақытта да жақсы істерге ұмтылуына жігер беретін маңызды қолдау.

«Шапағат» сөзінің өзі мейірім, қайырымдылық пен ізгілік ұғымдарымен сабақтас. Ал әлеуметтік саладағы қызметтің де түпкі мәні – адамдарға қолдау көрсету, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу және азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға үлес қосу.

Әрине, кез келген марапаттың артында белгілі бір еңбек жолы, өмірлік тәжірибе мен атқарылған іс тұрады. Гаухар Рысбековнаның әлеуметтік салада ұзақ жылдар бойы қызмет етуі оның кәсіби жолының негізгі ерекшеліктерінің бірі.

Оның еңбек жолы бір күнде қалыптасқан жоқ. Әр жыл, әр қызмет, әрбір жаңа міндет кәсіби тәжірибесінің толығуына ықпал етті. Бүгінде осы жинақталған тәжірибесін бас маман ретінде пайдаланып, өзіне жүктелген міндеттерді атқарып келеді.

Еңбек адамының қадірі – оның атақ-даңқында ғана емес, атқарған ісінің мәні мен маңызында. Өз ісіне адалдық танытып, жауапкершілікті еңбекке адалдықтың маңызын көрсетеді. «Шапағат» медалімен марапатталуы да – оның өмір жолындағы елеулі белестердің бірі.

Гаухар Рысбековнаға зор денсаулық, отбасына амандық, еңбегіне толағай табыс тілейміз! Әрдайым абырой биігінен көрініп, кәсіби қызметінде жаңа жетістіктерге жете берсін. Еңбегі жемісті болып, ел игілігі жолындағы қызметі жоғары бағаланып, құрметі арта берсін!

29 қазан – әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Бұл күн – халықтың әл-ауқатын жақсарту жолында еңбек етіп жүрген мамандарға алғыс білдіріп, олардың жауапты қызметіне құрмет көрсетуге арналған ерекше күн.

Әлеуметтік сала қызметкерлерінің жұмысы қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, әлеуметтік қолдау жүйесінің тиімділігін арттыруға және азаматтардың өз құқықтары мен мүмкіндіктері туралы қажетті ақпарат алуына ықпал етеді. Олардың күнделікті атқаратын қызметі үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Осы мерекеде өз ісіне адалдық танытып, халыққа қызмет етуді абыройлы міндет санайтын барлық әлеуметтік сала мамандарына ерекше құрмет білдірген жөн. Олардың еңбегі – қоғамның әл-ауқатына қосылған маңызды үлес.

Гаухар Рысбековна үшін де бұл мерекенің маңызы ерекше. Себебі оның кәсіби өмірі әлеуметтік қорғау мен жұмыспен қамту саласындағы қызметпен тығыз байланысты. Жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби білімі бүгінгі қызметінде маңызды орын алады.

Еңбек адамының абыройы – оның атқарған ісімен өлшенеді. Ал өз ісіне жауапкершілікпен қарап, халық игілігі үшін қызмет етуге ұмтылған мамандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Әлеуметтік салада еңбек етіп жүрген барша әріптестеріңізге де мықты денсаулық, отбасылық бақыт, кәсіби табыс пен толағай жетістіктер тілейміз. Еңбектеріңіз еленіп, халықтың алғысына бөлене беріңіздер!

Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Еңбек жолдарыңыз абырой мен жетістікке толы болсын!

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ДОЙБЫДАН ЖАРЫС ӨТТІ



2026 жылғы 28 қазанда Ескелді ауданында мүгедектігі бар азаматтар арасында аудандық дойбы жарысы ұйымдастырылды.

Спорттық шараның басты мақсаты – мүгедектігі бар азаматтардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және спорт арқылы белсенді өмір салтына тарту.

Жарыс барысында қатысушылар дойбы тақтасындағы шеберліктерін көрсетіп, логикалық ойлау қабілеттері мен ұтқырлықтарын сынады. Әр ойын тартысты өтіп, қатысушылар жеңіске деген жігері мен спортқа деген қызығушылығын таныта білді.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы медальдармен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Барлық қатысушыларға белсенділіктері мен жоғары спорттық рухтары үшін алғыс білдіреміз! Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді шын жүректен құттықтап, алдағы жарыстарда толағай табыстар тілейміз!

Спорт – денсаулықтың кепілі ғана емес, адамды жігерлендіріп, жаңа жетістіктерге жетелейтін үлкен күш. Осындай спорттық іс-шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек.

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР МАРАПАТТАЛДЫ



«Алтын алқа» мен «Күміс алқа» – ана еңбегіне көрсетілген құрмет

Ана – тіршіліктің тірегі, отбасының алтын қазығы, ұрпақ тәрбиесінің ұйытқысы. Әрбір шаңырақтың шаттығы мен берекесін еселеп, бала тәрбиесіне бар ғұмырын арнаған аналардың еңбегі қашанда құрметке лайық. Бүгінгі қоғамда көпбалалы аналардың орны ерекше. Олар бір отбасының ғана емес, тұтас елдің болашағын тәрбиелеп, ұлттың өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келеді.

Осы орайда Ескелді ауданында көпбалалы аналарды мемлекеттік наградалармен марапаттауға арналған салтанатты рәсім өтті. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2026 жылғы 22 қыркүйектегі №1476 Жарлығына сәйкес, ауданның 5 анасы «Алтын алқа», ал 8 анасы «Күміс алқа» мемлекеттік наградаларына ие болды. Бұл – аналардың бала тәрбиелеудегі қажырлы еңбегіне, отбасылық құндылықтарды сақтауға және ел демографиясының дамуына қосқан үлесіне көрсетілген зор құрмет.

Салтанатты шара барысында Ескелді ауданының әкімі Ахметов Елдос Тұрсынбайұлы аналарға мемлекеттік наградаларды табыстап, жүрекжарды құттықтауын жеткізді. Аудан басшысы көпбалалы аналардың қоғамдағы айрықша рөліне тоқталып, олардың отбасындағы өнегесі мен ұрпақ тәрбиесіндегі еңбегінің маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ аналарға мықты денсаулық, отбасыларына амандық, шаңырақтарына шаттық пен береке тіледі.

«Алтын алқа» мен «Күміс алқа» – жай ғана марапат емес. Бұл – ананың төккен тері мен сарп еткен күш-жігеріне, бала тәрбиесіндегі табандылығы мен мейіріміне берілген баға. Әрбір баланың болашағы үшін алаңдап, олардың жақсы адам болып қалыптасуына барын салатын аналардың еңбегі ешқашан елеусіз қалмауы тиіс. Сондықтан мұндай мемлекеттік наградалардың мәні мен маңызы ерекше.

Ана мейірімі – бала жүрегіне жол табатын ең асыл сезім. Баланың бойына адамгершілік пен ізгілікті, адалдық пен еңбекқорлықты сіңіретін де – ең алдымен ана тәрбиесі. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген халқымыздың даналық сөзі отбасындағы тәрбиенің маңызын айқын көрсетеді. Балаға жақсы тәрбие беру, оны елін сүйетін, жерін құрметтейтін, қоғамға пайдасын тигізетін азамат етіп өсіру – үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет.

Көпбалалы ана болу – үлкен бақытпен қатар, толассыз еңбекті, төзімділік пен сабырды қажет ететін мәртебелі міндет. Бірнеше баланың тәрбиесімен айналысып, әрқайсысының қабілетін танып, болашағына бағыт-бағдар беру оңай емес. Әр баланың қуанышына ортақтасып, қиындығына бірге алаңдайтын аналар отбасының ынтымағын сақтап, шаңырақтың жылуын арттырады. Олардың күнделікті атқарып жүрген еңбегі қоғамның тұрақтылығы мен ұрпақтар сабақтастығы үшін аса маңызды.

Бүгінде мемлекет тарапынан ана мен баланы қолдауға, отбасы институтын нығайтуға және демографиялық өсімді ынталандыруға ерекше көңіл бөлініп келеді. Мұндай бастамалар – отбасылық құндылықтарды дәріптеп, аналардың қоғамдағы мәртебесін көтеруге бағытталған маңызды қадамдар. Ал «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» мемлекеттік наградаларының табысталуы – аналарға деген құрметтің нақты көрінісі.

Ескелді ауданында марапатқа ие болған аналардың қуанышы – баршаға ортақ қуаныш. Өйткені анаға көрсетілген құрмет – ұрпаққа көрсетілген құрмет. Ана еңбегін бағалау арқылы біз отбасының қадірін арттырып, ұлттық тәрбиенің маңызын тереңдете түсеміз. Әрбір ананың шат күлкісі, әрбір баланың жарқын болашағы – қоғамның басты байлығы.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағына салынған инвестиция. Ал осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген аналардың өнегесі кейінгі буынға үлгі болуы тиіс. Олардың өмірлік тәжірибесі, отбасына деген жауапкершілігі мен балаға деген шексіз мейірімі – баға жетпес қазына. Осындай асыл жандарға құрмет көрсету – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Құрметті аналар!

Сіздерді жоғары мемлекеттік наградаларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Отбасыларыңыздан шаттық кетпей, шаңырақтарыңыздан береке арылмасын. Дендеріңізге саулық, ғұмырларыңызға ұзақтық, көңілдеріңізге қуаныш тілейміз. Балаларыңыздың қызығын көріп, немере-шөберелеріңіздің ортасында ардақты ғұмыр кешіңіздер. Өсіріп отырған ұл-қыздарыңыз ел мақтанышына айналып, әрдайым жақсылықтарымен қуанта берсін!

Анаға деген құрмет – адамзатқа деген құрмет. Ендеше, отбасының берекесін кіргізіп, елдің ертеңін тәрбиелеп отырған аяулы аналарымыздың мерейі әрдайым үстем болсын!

Марапаттарыңыз құтты болсын, ардақты аналар!

ЕРБОЛ СЫПАТАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ШАҒЫН ФУТБОЛ ЖАРЫСЫ ӨТТІ



2026 жылғы 27 қазанда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 40 жылдығы аясында Желтоқсан қаһарманы Ербол Сыпатаевты еске алуға арналған тұрғындар арасында шағын футболдан жарыс ұйымдастырылды.

Спорттық шараның негізгі мақсаты – Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызын ұлықтау, ел тәуелсіздігі жолында ерлік көрсеткен қаһармандардың есімін ұрпақ жадында сақтау, сондай-ақ тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау.

Тартысты өткен жарыс барысында командалар өзара шеберлік байқасып, алаңда жеңіске деген жігері мен ұйымшылдығын көрсетті. Қатысушылар ойынның жоғары қарқынын сақтап, көрермендерге қызықты сәттер сыйлады.

Жарыс қорытындысы бойынша Сейфуллин командасы бірінші орынды иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Өтенай командасы екінші орынға табан тіресе, Бақтыбай командасы үшінші орынды қанағат тұтты.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Осындай спорттық іс-шаралар жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, тарихи тұлғалардың ерлігін дәріптеуге, тұрғындар арасындағы достық пен ынтымақты нығайтуға және бұқаралық спорттың дамуына зор үлес қосады.

Ербол Сыпатаевтың есімі – елдік пен ерліктің, азаттыққа ұмтылған қазақ жастарының қайсар рухының символы. Батырлардың есімін ұлықтау – өткенге тағзым етіп, келешек ұрпаққа өнеге қалдырудың жарқын үлгісі.

Ерлік ешқашан ұмытылмайды, қаһармандар есімі ұрпақ жадында мәңгі сақталады!

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы.

ЛӘЗЗАТ АСАНОВАНЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫ ӨТТІ



2026 жылғы 29 қазанда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 40 жылдығы аясында қазақ жастарының қайсар рухын танытқан Ләззат Асановаңы еске алуға арналған тұрғындар арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды.

Спорттық шараның басты мақсаты – Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызын ұлықтау, Ләззат Асановаңың ерлігі мен өнегелі өмірін кейінгі ұрпаққа үлгі ету, сондай-ақ тұрғындар арасында бұқаралық спортты насихаттап, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тартысты өткен жарыста командалар өзара бақ сынап, жеңіске деген жігері мен шеберліктерін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша Бақтыбай командасы бірінші орынды иеленсе, Фок командасы екінші орынға тұрақтады.

Ал Сейфуллин командасы үшінші орынға ие болды.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Мұндай спорттық шаралар тұрғындар арасындағы ынтымақ пен бірлікті нығайтып қана қоймай, өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға, отансүйгіштік рухын арттыруға және бұқаралық спортты дамытуға ықпал етеді.

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: "Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес – мемлекет саясатының негізгі басымдықтарының бірі" деп атап өтті. Бұл – жай ұран емес, әр азаматтың санасында болуы тиіс қағида.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?

Бұл – лауазымды тұлғаның өз қызметін жеке пайдасы үшін пайдалануы. Пара алу, пара беру, қызметін асыра пайдалану, туысын жұмысқа қою – осының бәрі сыбайлас жемқорлыққа жатады.

Көшеде пара беріп, жол ережесін бұзғаның үшін құтылып кеттім деп ойлауың мүмкін. Бірақ ертең сол парақор дәрігердің қолына түсесің, сапасыз салынған үй құлауы мүмкін, әділетсіз сот шешімі шығарылуы мүмкін. Жемқорлық – бумеранг сияқты, өзіңе қайта оралады.

Оның салдары қандай?

Экономикаға: Инвесторлар әділдік жоқ елге келмейді. Бюджет ұрланады, халыққа жетуі тиіс ақша қалтаға кетеді.

Қоғамға: Жастардың әділеттілікке деген сенімі жоғалады. "Бәрін ақша шешеді" деген қауіпті түсінік қалыптасады.

Мемлекетке: Мемлекеттік аппаратқа деген сенім жоғалады, елдің абыройына нұқсан келеді.

Күрес жолдары

Сыбайлас жемқорлықты тек Антикор ғана жеңе алмайды. Оны бүкіл қоғам болып жеңу керек.

Ашықтық: Мемлекеттік сатып алулар, конкурстар ашық, онлайн болуы керек.

Азаматтық ұстаным: Пара бермеу және пара сұраған адамды әшкерелеу. Әрқайсымыз "мен пара бермеймін" десе, жүйе бұзылады.

Тәрбие: Отбасында, мектепте адалдықты дәріптеу керек. Адал еңбек – ең үлкен байлық екенін бала санасына сіңіру.

Цифрландыру: Қызметтерді eGov арқылы алу – жемқорлықты азайтады. Компьютер пара сұрамайды.

Сыбайлас жемқорлық – жеңіл жолмен тапқысы келетіндердің жолы. Ал адалдық – қиын, бірақ абыройлы жол.

Егер сыбайлас жемқорлық фактісіне тап болсаңыз, 1424 нөміріне қоңырау шалыңыз. Қоңырау шалу тегін және құпиялылық сақталады.


Адал қоғам – әрқайсымыздан басталады.

Л.Копабаева,
Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы

ПЕРЕЧЕНЬ МЕСТ ДЛЯ ВСТРЕЧ КАНДИДАТОВ С ИЗБИРАТЕЛЯМИ ПО ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

№	Город/район	Объект и его местонахождение	Вместительность	Собственник/арендатор
1	Ескельдинский район	ГККП "Районный дом культуры" с. Карабулак, улица Балпык би, № 55	300	Акимат Ескельдинского района
2	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Балпык би с.Кокжазык, улица Гагарина, № 2	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
3	Ескельдинский район	КГУ Каратальская СШ с.Каратал, улица С. Шегебайулы, № 68	150	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
4	Ескельдинский район	КГУ Жетысуская СШ с.Жетысу, улица Доскожанова, № 15	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
5	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Байысова с.Алдабергенова, улица Байысова №23	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
6	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Б. Жолбарысұлы с.Бактыбай, улица Рыскулова, № 36	150	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
7	Ескельдинский район	КГУ СШ С. Сейфулина с дошкольным мини-центром с.Елтай, улица Жансенгирова, № 30	50	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
8	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Ш. Валиханова, с.Акын Сара, улица Абая, № 1	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
9	Ескельдинский район	КГУ СШ имени О. Кошевого с.Ешкиолмес, улица Махамбет Отемисулы, № 1	50	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
10	Ескельдинский район	КГУ Карабулакская СШ с.Карабулак, улица Жеңіс №49А	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
11	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Титова с.Карабулак, улица Акименко, № 2	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
12	Ескельдинский район	КГУ средняя школа Н. Алдабергенова с.Карабулак, улица Оразбекова, № 56	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
13	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Шестакова с.Карабулак, улица Токтарова, № 9	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ — ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ



Құқық бұзушылықтың алдын алу және заң үстемдігін қамтамасыз ету — кез келген өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен азаматтардың қауіпсіздігінің басты кепілі.

Бүгінгі таңда Жетісу облысы Ескелді ауданына қарасты Көкжазық ауылдық округінде құқықтық тәртіпті нығайту және кез келген заң бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.


Округ аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жергілікті әкімдік пен құқық қорғау органдары бірлескен профилактикалық шараларды тұрақты ұйымдастырады.

Әсіресе, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы заңбұзушылықтарды болдырмау, жасөспірімдер арасындағы құқықтық сауаттылықты арттыру және жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылған.

Тәртіп пен заңдылық сақталған жерде ғана береке мен өркендеу болады.

Сондықтан Көкжазық ауылдық округінде құқықтық мәдениетті көтеру — қауіпсіз әрі жайлы орта құрудың басты шарты болып қала береді.

ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫНА МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША КЕҢЕС БЕРУ



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры msqory.kz сайтында «Түсіндірме жүргізуге сұраныс» сервисін іске қосты. Оның көмегімен кәсіпорындар, мекемелер мен басқа да ұйымдар Қор маманын кездесуге шақырып, түсіндірме қажет ететін сұрақтарды алдын ала жолдай алады.

Сақтандырылған мәртебені тексеру мен қалпына келтіру, қажетті медициналық көмекті қалай алады, қиындық туындаған жағдайда қайда хабарласу керек – осы және өзге де тақырыптарды ұйым өтінімде көрсете алады. Сондай-ақ нақты жағдайды сипаттап, қосымша материалдарды қоса тіркеуге мүмкіндік бар.


Қордың міндеті: азаматтың өзіне қандай медициналық көмек алуға құқылы екенін және оны қалай алу керегін нақты түсінуі. Сондықтан кездесулер ұжымның сұрақтары негізінде әзірленеді: өңірлік филиалдардың мамандары көрсетілген жағдайларды алдын ала зерделеп, әрекет ету тәртібін түсіндіреді.

Өтінім беру үшін msqory.kz сайтында өңір, ұйымның түрі мен атауы, байланыс деректері, сұрау салу тақырыбы мен мазмұны көрсетіп арнайы нысанды толтыру қажет. Тіркелгеннен кейін электрондық поштаға растау хаты келеді. Өтінім мәртебесін сайт арқылы бақылайды, ал кездесуді Қордың өңірлік филиалдарының мамандары өткізеді.

Жаңа сервис Қордың кеңес беру жұмысын толықтыра түседі. 2026 жылдың тоғыз айында ақпараттық-түсіндіру шараларына 248 мыңнан астам адам қатысты. Онлайн-өтінім ұйымдарға өз ұжымдарының қажеттіліктерін тікелей көрсетуге, ал мамандарға нақты бағытталған түсініктемелер әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жетісу облысы бойынша
КеАҚ «Әлеуметтік медициналық
сақтандыру қоры»

КОНСУЛЬТАЦИИ ПО МЕДСТРАХОВАНИЮ, ДЛЯ ТРУДОВЫХ КОЛЛЕКТИВОВ



Фонд социального медицинского страхования запустил на сайте msqory.kz сервис «Запрос на разъяснение».

Через него предприятия, учреждения и другие организации могут пригласить специалиста Фонда на встречу с сотрудниками и заранее направить вопросы, требующие разъяснения.

Как проверить и восстановить статус застрахованности, получить необходимую медицинскую помощь и куда обратиться при возникновении трудностей – эти и другие темы можно указать в заявке.

Организация также может описать конкретные ситуации и приложить дополнительные материалы.

Задача Фонда: чтобы человек понимал, на какую медицинскую помощь он вправе рассчитывать и как ее получить. Поэтому встречи будут готовиться на основе вопросов коллектива: специалисты региональных филиалов заранее изучат обозначенные ситуации и разъяснят порядок действий.

Для подачи заявки необходимо заполнить форму на сайте msqory.kz, указав регион, тип и наименование организации, контактные данные, тему и содержание запроса.

После регистрации на электронную почту поступит подтверждение. Статус заявки можно отслеживать на сайте.

Встречи проводят специалисты филиалов Фонда в регионах.

Новый сервис дополняет постоянную консультационную работу Фонда. За девять месяцев 2026 года в информационно-разъяснительных мероприятиях приняли участие более 248 тысяч человек.

Онлайн-заявка позволит организациям напрямую обозначать потребности своих коллективов, а специалистам – готовить адресные разъяснения.

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального
медицинского страховния»

ПЕРЕЧЕНЬ МЕСТ ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПО ЕСКЕЛЬДИНСКОМУ РАЙОНУ

№ п/п	Населенный пункт	Наименование конструкции	Месторасположение	Адрес	Размер	Собственник	Аренда
			Ескельдинский район				
			Кайнарлинский сельский округ				
1	село Кайнарлы	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Нурманбетова	1х2	ГУ «Аппарат акима Кайнарлинского сельского округа»	безвозмездно
2	село Кайнарлы	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице К. Токаева	1х2	ГУ «Аппарат акима Кайнарлинского сельского округа»	безвозмездно
			Кожказыкский сельский округ				
3	село Кожказык	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Мустафа Шокай на пересечении с улицей Амангельды	1х2	ГУ «Аппарат акима Кожказыкского сельского округа»	безвозмездно
4	село Кожказык	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жандосова на пересечении с улицей Кашаубаева	1х2	ГУ «Аппарат акима Кожказыкского сельского округа»	безвозмездно
5	село Кожказык	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Достык на заезд со стороны Карабулак	1х2	ГУ «Аппарат акима Кожказыкского сельского округа»	безвозмездно
			Толенгутский сельский округ				
6	село Жетысу	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Доскожанова на пересечении с улицей Алтынсарина	1х2	ГУ «Аппарат акима Толенгутского сельского округа»	безвозмездно
7	село Жетысу	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Ескелди би на пересечении с улицей Ескелды	1х2	ГУ «Аппарат акима Толенгутского сельского округа»	безвозмездно
8	село Жетысу	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Доскожанова на пересечении с улицей Молдагулова	1х2	ГУ «Аппарат акима Толенгутского сельского округа»	безвозмездно
			Акын Саринский сельский округ				
9	село Акын Сара	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Абая	1х2	ГУ «Аппарат акима Акын Саринского сельского округа»	безвозмездно
10	село Акын Сара	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Сатпаева	1х2	ГУ «Аппарат акима Акын Саринского сельского округа»	безвозмездно
			Конырский сельский округ				
11	село Коныр	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Абая	1х2	ГУ «Аппарат акима Конырского сельского округа»	безвозмездно
12	село Коныр	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Мектеп	1х2	ГУ «Аппарат акима Конырского сельского округа»	безвозмездно
			Алдабергеновский сельский округ				
13	село Алдабергенова	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Нурманбетова на пересечении с улицей Боранбаева	1х2	ГУ «Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа»	безвозмездно
14	село Алдабергенова	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Молодежная на пересечении с улицей Нурманбетова	1х2	ГУ «Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа»	безвозмездно
15	село Алдабергенова	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жамбула на пересечении с улицей Ленина	1х2	ГУ «Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа»	безвозмездно
16	село Алдабергенова	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жамбула на пересечении с улицей Чубарская	1х2	ГУ «Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа»	безвозмездно
			Бактыбайский сельский округ				
17	село Бактыбай	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	По улице Жансугурова на пересечении улицы Кенесары хан	1х2	ГУ «Аппарат акима Бактыбайского сельского округа»	безвозмездно
18	село Бактыбай	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	По улице Сүйінбай на пересечении улицы Абая	1х2	ГУ «Аппарат акима Бактыбайского сельского округа»	безвозмездно
			Каратальский сельский округ				
19	село Каратал	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Алмабала Жетпісбайқызы, возле дома культуры	1х2	ГУ «Аппарат акима Каратальского сельского округа»	безвозмездно
20	село Каратал	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Бопау на пересечении с улицей Гарышкер	1х2	ГУ «Аппарат акима Каратальского сельского округа»	безвозмездно
			Жалгызагашский сельский округ				
21	село Жалгызагаш	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Г. Орманова	1х2	ГУ «Аппарат акима Жалгызагашского сельского округа»	безвозмездно
22	село Жалгызагаш	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Боранбаева	1х2	ГУ «Аппарат акима Жалгызагашского сельского округа»	безвозмездно
			Карабулакский сельский округ				
23	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Сатпаева на пересечении с улицей Шестакова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно
24	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Балпык би на пересечении с улицей Жакыпбаева	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно
25	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жеңіс на пересечении с улицей Ауэзова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно

10-бет

ПЕРЕЧЕНЬ МЕСТ ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПО ЕСКЕЛЬДИНСКОМУ РАЙОНУ

Басы 9-бетте

26	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Токтарова на пересечении с улицей Жерүйық	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно
27	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Оразбекова на пересечении с улицей Сатпаева	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно
28	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Болашақ на пересечении с улицей Ломоносова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно
29	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Темиргали	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно
30	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Шереметова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно
31	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Бактыбай	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно
32	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице М. Маметова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно
33	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Ауэзова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	безвозмездно
Сырымбетский сельский округ							
34	село Сырымбет	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Тельман на пересечении с улицей Балпык би	1х2	ГУ «Аппарат акима Сырымбетского сельского округа»	безвозмездно
35	село Сырымбет	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жакыпбаева на пересечении с улицей Алатау	1х2	ГУ «Аппарат акима Сырымбетского сельского округа»	безвозмездно

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА МЕРЕКЕЛІК МАРАФОН ӨТТІ



25 қазан – Республика күніне орай Ескелді ауданында тұрғындар арасында мерекелік марафон ұйымдастырылды.

Марафонның негізгі мақсаты – бұқаралық спортты дамыту, тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, спортпен тұрақты айналысуға ынталандыру және ұлттық мерекенің мән-маңызын кеңінен насихаттау.

Шараға аудан тұрғындары белсенді қатысып, өздерінің шапшаңдығы мен төзімділігін сынады. Қатысушылар үшін марафон тек спорттық бәсеке ғана емес, бірлік пен көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыратын мерекелік шараға айналды.

Жарыс барысында қатысушылар жоғары белсенділік танытып, жеңіске деген жігері мен табандылығын көрсетті. Марафон қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы медальдар, грамоталар және бағалы сыйлықтар табысталды.

Мерекелік шараға қатысқан барша тұрғындарға белсенділіктері үшін алғыс білдіреміз! Спорт – денсаулық кепілі ғана емес, ел бірлігін нығайтып, жігер мен рухты көтеретін маңызды құрал.

Республика күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы

КОЛИЧЕСТВО УСЛУГ, ОКАЗАННЫХ ЕНПФ С НАЧАЛА ГОДА, ПРЕВЫСИЛО 40 МИЛЛИОНОВ

ЕНПФ — это единый оператор накопительной пенсионной системы Казахстана, который обеспечивает надежность и прозрачность пенсионных накоплений. Его основная задача заключается в аккумулировании пенсионных накоплений граждан и обеспечении их выплат в будущем. Сервисы, предоставляемые Фондом, помогают гражданам не только накопить необходимую сумму для достойной пенсии, но и активно участвовать в финансовом планировании своего будущего. В своей деятельности ЕНПФ предоставляет различные услуги казахстанцам в цифровом формате и продолжает их развивать, адаптируясь к потребностям клиентов. Вкладчики могут получить сведения о пенсионных накоплениях, проверить поступление взносов и воспользоваться другими услугами без посещения отделения. Доступность услуг, оказываемых Фондом на сайте и в мобильном приложении в режиме 24/7, является важным условием роста интереса вкладчиков.

За первые девять месяцев 2026 года (с 01.01.2026г. по 30.09.2026г.) Единый накопительный пенсионный фонд оказал вкладчикам и получателям 40,3 млн услуг. Это наглядно показывает, насколько востребованы цифровые и очные каналы взаимодействия с фондом.

Из общего количества оказанных услуг, 27,7 млн проведено в электронном формате, в автоматическом –11,8 млн. Таким образом, доля услуг в автоматическом, электронном и удаленном форматах составила 98,6 % от общего количества. В очном формате было оказано 576,0 тыс. услуг, в том числе непосредственно в офисах Фонда 562,2 тыс.

Напомним, что все пенсионные счета открываются в ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса.

Также автоматически начисляются целевые требования гражданам Республики Казахстан, не достигшим 18-ти лет, и открываются целевые накопительные счета (ЦНС) для учета и выплаты целевых накоплений совершеннолетним получателям целевых накоплений в рамках программы «Нацфонд – детям».

Всего за отчетный период общее количество открытых в автоматическом режиме индивидуальных пенсионных счетов (ИПС) по всем видам индивидуальных пенсионных взносов, а также условных пенсионных счетов (УПС) для учета обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), перечисленных работодателем за счет собственных средств, и целевых накопительных счетов (ЦНС, открываемых для учета и выплаты целевых накоплений получателям целевых накоплений в рамках программы «Нацфонд-детям») превысило 1,3 млн единиц.

По-прежнему самой популярной услугой является получение выписки с ИПС, УПС и ЦНС. С начала года по всем видам счетов было выдано 28,7 млн выписок, из которых 25,8 млн - в электронном виде и 2,5 млн. выписок - в автоматическом режиме.

ЕНПФ напоминает, что получение информации о состоянии счетов через личный кабинет - это самый удобный, надежный и оперативный способ контроля своих пенсионных накоплений.

Сервис работает в режиме онлайн круглосуточно (24/7), что позволяет получать актуальную информацию в любое время и из любой точки мира. Информация о состоянии счетов доступна не только через мобильное приложение ЕНПФ и личный кабинет на сайте ЕНПФ, но и через портал egov.kz или мобильное приложение электронного правительства. Это дает дополнительные удобства для пользователей, предпочитающих взаимодействовать с государственными сервисами через единые платформы. ЕНПФ отмечает, что, начиная с 2025 года ежегодная автоматическая рассылка выписок по почте прекратилась. Вместе с тем, получение информации о состоянии пенсионных накоплений по почте по-прежнему возможно при подаче соответствующего запроса на адрес ЕНПФ.

Кроме получения выписки в личном кабинете на сайте и в мобильном приложении вкладчики (получатели) имеют возможность воспользоваться такими услугами, как внесение изменений и дополнений в свои реквизиты, получение справки о наличии счетов, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно или в связи с достижением пятидесятилетнего возраста за счет добровольных пенсионных взносов, отслеживание статуса заявления на выплату, перевод части пенсионных накоплений управляющим инвестиционным портфелем (УИП), прогнозный расчет будущей пенсии с помощью пенсионного калькулятора и т.д.. За прошедший период было принято 142,3 тыс. заявлений вкладчиков на перевод пенсионных накоплений в доверительное управление УИП, из них большая часть – в электронном формате.

ЕНПФ напоминает, что единая информационная интернет-платформа по инвестиционному управлению пенсионными активами граждан invest.enpf.kz объединяет всю ключевую информацию об управляющих инвестиционными портфелями (УИП) в одном цифровом пространстве и обеспечивает системный подход к предоставлению данных об инвестиционной деятельности.

На портале invest.enpf.kz на казахском и русском языках пользователям доступны сведения о системе пенсионных накоплений, ценных бумагах, стратегиях (критериях) инвестирования, базовых понятиях, структуре размещения пенсионных активов, а также финансовые показатели каждого УИП, данные о соблюдении УИП регуляторных требований и иные сведения, позволяющие вкладчикам составить свой портрет УИП и его инвестиционной деятельности.

На изменение реквизитов за отчетный период было принято 87,1 тыс. заявлений, из них 81,2 тыс. – в офисах Фонда.

Обращаясь за той или иной услугой к специалистам ЕНПФ, вкладчики, как правило, получают дополнительные консультации и советы по формированию сбережений. В рамках информационно-разъяснительной работы проведено 44,6 тыс. выездных презентаций, на которых присутствовало 880,1 тыс. человек. Количество материалов, размещенных по сообщениям ЕНПФ в средствах массовой информации, составило 29,8 тыс.

Количество поступивших обращений вкладчиков и получателей по каналам обратной связи (Call-центр, консультации через веб-сайт, мессенджеры, социальные сети и другие каналы связи) составило 310,5 тыс.

Напомним, что любая компания может подать заявку на проведение презентации и консультаций по вопросам накопительной пенсионной системы с выездом в офис, для чего нужно просто позвонить в call-центр по номеру 1418 или обратиться через сайт или мобильное приложение Фонда, а также официальные страницы ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан.

В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан "Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан", обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

ҚРҰБ ЖӘНЕ ИПБ БАСҚАРУЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДЕРГЕ 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАЗАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ШОЛУ

enpf.kz сайтында 2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша

ҚРҰБ пен ИПБ-лардың зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебі ұсынылды

"БЖЗҚ" АҚ (БЖЗҚ, Қор) enpf.kz сайтындағы "Статистика және аналитика – Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару" бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды.

2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ҚРҰБ және ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 28 267,61 млрд теңгені құрады. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері шамамен 26 633,21 млрд теңгені құрады. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі - 1 428,29 млрд теңге.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері 151,28 млрд теңгені құрады.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанады: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының сан-алуан түрлеріне инвестициялайды.

ҚРҰБ ұсынған ақпарат бойынша 2026 жылғы 1 қазанда МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі бағыттары төмендегідей: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 43,34%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 8,27%, ҚРҰБ депозиттері – 2,63%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары – 2,50%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 1,97%, шет мемлекеттердің МБҚ – 1,33%, МКҰ – 1,00%.

Активтердің 37,62%-ы индексті басқару шеңберінде инвестицияланады. Бұл тәсіл инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін бағалы қағаздар жиынтығы болып табылатын эталондық портфельге бағдарланған инвестициялық портфельді қалыптастыруды көздейді. Эталондық портфельдің кірістілігі басқару тиімділігін бағалау кезінде шара ретінде қызмет етеді. Эталондық портфель ретінде жетекші әлемдік қаржы компаниялары немесе ҚРҰБ әзірлеген және қадағалайтын индекстер пайдаланылады. Активтерді индекстік басқаруды ҚРҰБ дербес, сондай-ақ дамыған елдер облигацияларының субпортфеліне, дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфеліне, корпоративтік облигациялардың қосалқы портфеліне және акциялардың қосалқы портфеліне қатысты шетелдік басқарушы компаниялар тарта отырып жүзеге асырады.

2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номинацияланған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель мынадай: ұлттық валютадағы инвестициялар – 58,86%, АҚШ долларымен – зейнетақы активтері портфелінің 41,13%.

Инвестициялау нәтижесінде бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі табыс, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша кіріс 1 693,73 млрд теңгені, бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер 14,15 млрд теңгені, өзге кірістер – 3,48 млрд теңге.

Сыртқы басқарудағы активтерді қоспағанда, шетел валютасында инвестицияланған бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау теріс болып қалыптасты.

2025 жылғы қазаннан бастап 2026 жылғы қыркүйекке дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кірістің мөлшері шамамен 706,33 трлн теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік 2,64%-ды құрады.

2026 жылғы 1 қазандағы ЖМЗЖ инвестициялау бағыттары келесідей: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 96,52%, ҚРҰБ депозиттері – 3,34%.

ЖМЗЖ есебінен инвестициялық портфель тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарынан тұрады.

Бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түріндегі кіріс – 115,80 млрд теңге.

Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау салымшыларға 23,59 млрд теңге кіріс әкелді.

2026 жылғы құқанға дейінгі соңғы 12 айда ЖМЗЖ бойынша есептелген инвестициялық кірістің мөлшері 173,20 млрд теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік – 19,15%.

ҚРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің егжей-тегжейлі құрылымы және инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында берілген. Сондай-ақ, enpf.kz сайтында ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша портфель құрылымы туралы ақпарат орналастырылды.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі – 206,11 млрд теңге.

2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша "Alatau City Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – 32,66 млрд теңге.

Компанияның негізгі инвестициялары: Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 29,19%, РЕПО – 17,21%, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің (ЕДБ) облигациялары – 11,12%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 10,95%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 8,10%, шет мемлекеттердің МБҚ – 5,78%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 4,86%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 2,48%, МКҰ – 1,70%.

Атап кетейік, портфельдің 61,32% теңгемен, 38,22% АҚШ долларымен, 0,46% басқа валюталарда ұсынылған.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы қазаннан бастап 2026 жылғы қыркүйекке дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 9,46%.

"Alatau City Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша "BCC Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері – 29,57 млрд теңге.

Инвестициялардың негізгі бағыттары: ҚР ҚМ МБҚ – 19,07%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 18,39%, ҚР ЕДБ облигациялары – 16,74%, ҚР резидент-эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 6,44%, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолхаттар – 5,62%, активтерінің құрылымы MSCI ACWI индексінің құрамдас бөліктерінің құрылымын қайталайтын Exchange Traded Funds пайлары – 5,17%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 2,68%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 82,13%-ын, АҚШ долларымен 17,87%-ын құрайды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы қазаннан 2026 жылғы қыркүйекке дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 8,75%.

"BCC Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.10.2026ж. жағдай бойынша "Halyk Global Markets" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 6,21 млрд теңге болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар: шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 27,04%, кері РЕПО (90 күнтізбелік күннен аспайтын) – 9,75%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 11,95%, ҚР ЕДБ облигацияларын – 13,64%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары – 8,67%, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолхаттар – 7,15%, ҚРҰБ ноттары – 7,98%, ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 6,06%, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар – 5,59%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 63,79%-на, АҚШ долларымен – 36,21%.

Зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігі – 7,92%.

"Halyk Global Markets" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.10.2026ж. жағдай бойынша "Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Halyk Finance" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 91,95 млрд теңге болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялардың сипаты мынадай: ҚР ЕДБ облигациялары – 16,53%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 14,97%, кері РЕПО (90 күнтізбелік күннен көп емес) – 10,61%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 9,38%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 8,82%, шетелдік мемлекеттердің МБҚ – 8,33%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 7,18%, ҚР ҚМ МБҚ – 6,70%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 3,76%, МКҰ – 1,68%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 66,95%, АҚШ долларында – 33,05% инвестицияланды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы қазаннан 2026 жылғы қыркүйекке дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 8,22%.

"Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Halyk Finance" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.10.2026 жылғы жағдай бойынша "Tansar Capital" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – 1,87 млрд теңге.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар төмендегідей: Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 34,67%, Репо – 15,98%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 10,18%, ҚР ҚМ МБҚ – 4,47%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 61,88%, АҚШ долларымен – 38,12% инвестицияланды.

"Tansar Capital" АҚ зейнетақы активтерін басқаруды 2026 жылғы 8 сәуірде бастады. Зейнетақы активтерін басқаруды бастағаннан бергі кірістілігі – 0,00% құрады.

"Tansar Capital" АҚ басқаруындағы қаржы құралдары инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.10.2026ж. жағдай бойынша "Сентрас Секьюритиз" АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері шамамен 43,85 млрд теңге.

ҚР ЕДБ облигацияларына – 33,30%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларына – 13,44%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 11,05%, АҚШ мемлекеттік облигацияларына – 7,88%, РЕПО – 7,17%, ҚР ҚМ МБҚ – 4,03%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 2,82%, ҚР резиденттері-эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 2,17%, шет ел эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 1,30% инвестицияланды.

Ұлттық валютада портфельдің 77,71%-ы, АҚШ долларында 22,29%-ы инвестицияланды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы қазаннан 2026 жылғы қыркүйекке дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 13,95%.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

Естеріңізге салайық,

БЖЗҚ азаматтардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформаны іске қосқанын еске саламыз.

Ол ИПБ туралы барлық негізгі ақпаратты бір цифрлық кеңістікте біріктіреді және инвестициялық қызмет туралы деректерді ұсынуға жүйелі тәсілді қамтамасыз етеді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ БЖЗҚ КӨРСЕТКЕН ҚЫЗМЕТТЕР САНЫ 40 МИЛЛИОННАН АСТЫ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ, Қор) – Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің бірыңғай операторы, ол зейнетақы жинақтарының сенімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Оның негізгі міндеті – азаматтардың зейнетақы жинақтарын жинақтау және болашақта төлемдер қамтамасыз ету. Қор ұсынатын қызметтер азаматтарға лайықты зейнетақы үшін қажетті соманы жинап қана қоймай, сонымен қатар өз болашағын қаржылық жоспарлауға белсенді қатысуға көмектеседі. БЖЗҚ қазақстандықтарға цифрлық форматта түрлі қызметтер көрсетеді және оларды салымшылардың қажеттіліктеріне бейімдей отырып дамытуда. Қордың сайтта және мобильді қосымшада 24/7 режимінде көрсететін қызметтерінің қолжетімділігі – салымшылардың өз жинақтарына деген қызығушылығын арттырудың маңызды шарты.

2026 жылдың алғашқы тоғыз айында (2026 жылғы 1 қаңтардан 30 қыркүйекке дейін) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшылар мен алушыларға 40,3 млн қызмет көрсетті. Бұл көрсеткіш Қормен өзара іс-қимыл жасаудың цифрлық және тікелей қызмет көрсету арналарына сұраныстың қаншалықты жоғары екенін айқын көрсетеді.

Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 27,7 миллионы электрондық форматта, 11,8 миллионы автоматты режимде жүзеге асырылды. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы көлемнің 98,6%-ын құрады. Тікелей қызмет көрсету форматында 576,0 мың қызмет көрсетілді, оның ішінде 562,2 мыңы Қор кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарына нысаналы талаптар автоматты түрде есептеліп, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға нысаналы жинақтарды төлеу және есепке алу үшін нысаналы жинақтау шоттары (НЖШ) ашылады.

Есепті кезеңде зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ), жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен аударған міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) есепке алуға арналған шартты зейнетақы шоттарының (ШЗШ), сондай-ақ «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында нысаналы жинақтарды алушыларға тиесілі қаражатты есепке алу және төлеу үшін ашылатын нысаналы жинақтау шоттарының (НЖШ) жалпы саны 1,3 млн бірліктен асты.

Бұрынғыдай ең сұранысқа ие қызмет – ЖЗШ, ШЗШ және НЖШ-дан үзінді көшірме алу. Жыл басынан бері шоттардың барлық түрлері бойынша 28,7 млн үзінді көшірме берілді. Оның 25,8 миллионы электрондық форматта, ал 2,5 миллионы автоматты режимде ұсынылды. БЖЗҚ шоттардың жай-күйі туралы ақпаратты жеке кабинет арқылы алу зейнетақы жинақтарын бақылаудың ең ыңғайлы, сенімді әрі жедел тәсілі екенін еске салады. Сервис тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді. Бұл әлемнің кез келген нүктесінен, кез келген уақытта өзекті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Шоттардың жай-күйі туралы мәліметтер БЖЗҚ-ның мобильді қосымшасы мен ресми сайтындағы жеке кабинетте ғана емес, egov.kz порталы немесе электрондық үкіметтің мобильді қосымшасы арқылы да қолжетімді. Бұл мемлекеттік сервистерді бірыңғай платформалар арқылы пайдалануды қалайтын азаматтарға қосымша қолайлылық туғызады. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап үзінді көшірмелерді пошта арқылы жыл сайын автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын атап өтеді. Дегенмен, тиісті сұранысты БЖЗҚ мекенжайына жолдау арқылы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталған.

Салымшылар (алушылар) Қордың сайты мен мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы үзінді көшірме алудан бөлек, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шоттарының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2-топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты немесе елу жасқа толуына орай ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлем алуға берілген өтініштің мәртебесін қадағалау, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақы мөлшерін болжамды түрде есептеу және басқа да қызметтерді пайдалана алады. Өткен кезеңде салымшылардан зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудару туралы 142,3 мың өтініш қабылданды. Олардың басым бөлігі электрондық форматта берілді.

БЖЗҚ азаматтардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформасы инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) туралы барлық негізгі ақпаратты бір цифрлық кеңістікте біріктіріп, инвестициялық қызмет туралы мәліметтерді жүйелі түрде ұсынуды қамтамасыз ететінін еске салады. invest.enpf.kz порталында пайдаланушыларға қазақ және орыс тілдерінде зейнетақы жинақтары жүйесі, бағалы қағаздар, инвестициялау стратегиялары (өлшемшарттары), негізгі ұғымдар, зейнетақы активтерін орналастыру құрылымы туралы мәліметтер, сондай-ақ әрбір ИПБ-ның қаржылық көрсеткіштері, олардың реттеушілік талаптарды сақтауы жөніндегі деректер және салымшыларға ИПБ мен оның инвестициялық қызметі туралы жанжақты түсінік қалыптастыруға мүмкіндік беретін өзге де ақпарат қолжетімді.

Есепті кезеңде деректемелерді өзгертуге қатысты 87,1 мың өтініш қабылданды. Оның 81,2 мыңы Қор кеңселерінде рәсімделді.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгінген салымшылар, әдетте, жинақтарын қалыптастыру мәселелері жөнінде қосымша кеңестер мен ұсынымдар да алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 44,6 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оларға 880,1 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары негізінде жарияланған материалдар саны 29,8 мыңға жетті.

Кері байланыс арналары (байланыс орталығы, веб-сайт арқылы кеңес беру, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және басқа да байланыс арналары) арқылы салымшылар мен алушылардан келіп түскен өтініштердің саны – 310,5 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша өз кеңсесінде көшпелі таныстырылым мен кеңес беру шараларын өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу немесе Қордың сайты, мобильді қосымшасы, сондай-ақ Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ-ның ресми парақшалары арқылы хабарласу жеткілікті.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ПЕН ҚЫЗМЕТТІК ӘДЕП – СЕНІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК НЕГІЗІ

Мемлекеттік қызмет ең алдымен елдің дамуына үлес қосып, халықтың игілігі үшін еңбек етуді көздейтін жауапты қызмет. Мемлекеттік органның жұмысы тек заңдар мен қаулыларды орындаумен ғана шектелмейді. Оның басты нәтижесі – азаматтардың мәселелерінің шешілуі, құқықтарының қорғалуы және халықтың мемлекетке деген сенімінің артуы. Ал осы сенімнің қалыптасуына мемлекеттік қызметшінің кәсібилігімен қатар, оның адамгершілігі мен қызметтік әдебі тікелей әсер етеді.

Қызметтік әдепті тек белгілі бір ережелер жиынтығы ретінде қабылдау жеткіліксіз деп білемін. Ол – мемлекеттік қызметшінің күнделікті жұмысындағы ұстанымы, адамдармен қарым-қатынас жасау мәдениеті және әрбір шешіміне деген жауапкершілігі болып табылпды. Кейде азаматтың мемлекеттік орган туралы пікірі бір ғана кездесуден, бір ауыз сөзден немесе өтінішіне берілген жауаптан қалыптасатындықтан мемлекеттік қызметшінің әрбір әрекеті мемлекеттік органның беделімен тығыз байланысты.

Халықпен жұмыс істеу барысында мемлекеттік қызметші әртүрлі мінез-құлықтағы адамдармен кездеседі. Бір азамат өз мәселесін нақты әрі сабырлы жеткізсе, екіншісі алаңдаушылықпен немесе наразылықпен келуі мүмкін. Осындай жағдайда қызметшінің сабыр сақтап, азаматты мұқият тыңдап, мәселені түсінікті тілде түсіндіре білуі оның кәсіби мәдениетін көрсетеді. Әдептілік дегеніміз – тек сыпайы сөйлеу емес. Бұл – өзгенің пікіріне құрметпен қарау, адамның уақытын бағалау, уәдені орындау және заң аясында нақты көмек көрсету. Азаматтың өтінішіне немқұрайлы қарамау, оны негізсіз әуре-сарсаңға салмау, сұрағына түсінікті жауап беру – сапалы мемлекеттік қызметтің маңызды белгілері.

Мемлекеттік қызметтегі жоғары мәдениет үлкен істерден ғана көрінбейді. Ол жұмысқа уақытында келуден, тапсырманы мұқият орындаудан, әріптестермен дұрыс қарым-қатынас жасаудан және ортақ іске жауапкершілікпен қараудан басталады. Ұжымдағы өзара құрмет пен түсіністік жұмыс сапасына оң әсер етеді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметшіден заңнаманы білумен қатар, өзгерістерге бейімделу, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану және азаматтармен ашық байланыс орнату талап етіледі. Алайда қандай технология қолданылса да, адамға деген құрмет пен жауапкершіліктің орнын ештеңе алмастыра алмайтыны сөзсіз. Қызмет көрсету тәсілдері жаңарғанымен, адалдық пен әділдік қағидаттары өз маңызын жоғалтпайды.

Мемлекеттік қызметке деген сенім бір күнде қалыптаспайды. Ол күнделікті адал еңбек, әділ шешімдер және азаматтардың мәселесіне бейжай қарамау арқылы нығаяды. Әрбір мемлекеттік қызметші өз міндетін сапалы орындап қана қоймай, өзінің мінез-құлқымен де өзгелерге үлгі.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет пен қызметтік әдеп – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Кәсібилік жұмыстың сапасын арттырса, әдеп сол жұмыстың адамға және қоғамға деген құрметпен орындалуын қамтамасыз етеді. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші үшін адалдықты ұстану, әділ шешім қабылдау, азаматтарға құрмет көрсету және өз міндетіне жауапкершілікпен қарау басты қағида болуы тиіс. Мемлекетке деген сенім әрбір қызметшінің ісінен басталады. Ал сол сенімді сақтау – барша мемлекеттік қызметшінің ортақ міндеті.

АДАЛДЫҚ — АУЫЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Сыбайлас жемқорлық — мемлекеттің тұрақты дамуын тежейтін, заң үстемдігін әлсірететін және қоғамдық сенімге нұқсан келтіретін қауіпті әлеуметтік құбылыс. Бұл кеселмен күресу және оның алдын алу — тек орталық биліктің ғана емес, әрбір аймақ пен әрбір азаматтың басты міндеті болып табылады.

Осы орайда Жетісу облысы Ескелді ауданына қарасты Көкжазық ауылдық округінде де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен құқықтық мәдениетті арттыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Округ әкімінің аппаратында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әдеп нормаларын қатаң сақтауы, қызметтік міндеттерін адал атқаруы және заң талаптарын бұлжытпай орындауы басты назарға алынған. Ауылдық деңгейде жемқорлық тәуекелдерін азайтудың ең тиімді жолы — мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен цифрландырылуы. Көкжазық, Бөктерлі және Теңлік ауылдарының тұрғындары үшін көрсетілетін қызметтердің электронды форматқа көшірілуі адам факторын азайтып, ашық қоғам қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жемқорлықпен күрестің ең мықты құралы — қоғамда бұл дертке қарсы «нөлдік төзімділікті» орнықтыру. Әрбір азамат пара беру мен пара алудың заңсыздығын жете түсініп, құқықтық тәртіпті сақтауға атсалысуы тиіс. Көкжазық ауылдық округі сияқты әрбір шағын әкімшілік бірлікте ашықтық пен заң үстемдігі орнағанда ғана біз қуатты, әділ әрі жемқорлықтан таза мемлекет құра аламыз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ӘР АДАМНЫҢ ПАРЫЗЫ

Сыбайлас жемқорлық - өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады .

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өкілеттіктерін өзгеше пайдалану, жеке өзі немесе делдардан арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз беру арқылы оларды сатып алу сыбайлас жемқорлық болып есептелінеді.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңдағы қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделердің бұзылуына түрткі болады .

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағытының бірі – оның алдын алу болып табылады. Осы мақсатта ҚР АШМ ВБжҚК Ескелді аудандық аумақтық инспекциясында, апта сайын жиын өткізіліп тұрады, қызметкерлер ойын ашық айтып, ортаға салады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, мекемеміздегі барлық жұмыс компьютерлеріне (Сізден пара сұраса хабарласыңыз 1424 тел, қоңырау шалу тегін) экрандық жұмыс үстеліне (рабочий стол) қойылған және арнайы көрнекілік стендтармен жабдықталған.

Инспекция басшысының азаматтарды қабылдау кестесі көрсетілген, азаматтарды қабылдау жұмысы ұдайы жүргізіліп отырады. Ұсыныстар үшін арнайы жәшік қойылған.

Е.Қиялбеков

ҚР АШМ ВБжҚК Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының басшысы

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2026 год!
Наш ИНДЕКС:
Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 16535
Сумма подписки:
Физ.лицо: год — 7225,76 тг Юр.лицо:
год — 7267,52 тг
ПОДПИШИСЬ НА НАС!
Наш электронный адрес:
eskeldi_eli@mail.ru

HABARLANDYRU

Әсер ету скринингін қарау туралы

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 55-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – ЭТРМ) стратегиялық экологиялық бағалау (бұдан әрі – СЭБ материалдары) жүргізу үшін мынадай құжаттар келіп түсті:

- «Жетісу облысы Ескелді ауданы Бақтыбай ауылының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен біріктірілген бас жоспар. Түзету.» жобасына жалпы түсіндірме жазба;
- «Жетісу облысы Ескелді ауданы Бақтыбай ауылының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен біріктірілген бас жоспар. Түзету.» жобасының графикалық материалдары;
- Жетісу облысы Ескелді ауданы Бақтыбай ауылының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен біріктірілген бас жоспар. Түзету.» жобасын іске асыру кезінде қоршаған ортаға, адамның өміріне және (немесе) денсаулығына әлеуетті әсер етудің жалпы сипаттамасы.

СЭБ материалдарын әзірлеуші: ТОО «Табрис»

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: «Жетісу облысының сәулет және қалақұрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі

СЭБ әзірлеуге жауапты: «Жетісу облысы әкімінің аппараты» ММ.

СЭБ материалдары бойынша қорытындылар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

1) Бас жоспардың іске асырылуы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Бас жоспар бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ бойынша есепте құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал елеулі әсерлері туралы Сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) сізде Бас жоспарды іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2026-2046 ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау рәсімін өткізу мерзімі: 2026 жылғы 30 қазаннан бастап (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2026 жылғы 12 қарашаға дейін қоса алған да).

Байланыс деректері: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.

Экологиялық мәдениет және саясат департаменті

Тел. 8 (7172) 74-02-83, 8 (7172) 74-08-90

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде электрондық түрде эл-ектронды мекен-жайға жіберуге болады. Министрлік Кеңсесінің мекен-жайы: k.kense@ecogeo.gov.kz.

Сіздің құжаттарыңыздың алынғандығы жөнінде, кеңседе +7/7172/74-08-44 телефоны арқылы міндетті түрде нақтылау қажет.

СЭҚБ бойынша материалдар орналастырылған:

Министрліктің сайтында («қызмет» бөлімі – «Негізгі құжаттар» бөлімі – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

*****

о рассмотрении скрининга воздействия

В соответствии с пунктом 6 статьи 55 Экологического кодекса Республики Казахстан в Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее - МЭПР), для проведения стратегической экологической оценки поступили следующие документы (далее - материалы СЭО):

- общая пояснительная записка к проекту «Генеральный план совмещенный проектом детальной планировки села Бактыбай Ескелдинского района области Жетісу. Корректировка»;
- графические материалы проекта «Генеральный план совмещенный проектом детальной планировки села Бактыбай Ескелдинского района области Жетісу. Корректировка»;
- общая характеристика потенциального воздействия на окружающую среду, жизнь и (или) здоровье человека при реализации проекта «Генеральный план совмещенный проектом детальной планировки села Бактыбай Ескелдинского района области Жетісу. Корректировка».

Разработчик материалов СЭО: ТОО «Табрис»

Заказчик материалов СЭО: ГУ «Управление архитектуры и градостроительства области Жетісу»

Ответственный за разработку СЭО: ГУ «Аппарат акима области Жетісу»

Уполномоченный орган за выдачу заключений по материалам СЭО: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех граждан и юридических лиц) высказать свои замечания и предложения по следующим вопросам:

1)может ли реализация Генлана оказывать существенные воздействия на окружающую среду, и если да, то какие это воздействия и почему Вы считаете их существенными?

2)какие воздействия на окружающую среду и здоровье населения необходимо изучить до утверждения Генплана и почему?

3)освещена ли в отчете по СЭО вся интересующая Вас информация о возможных существенных воздействиях реализации Документа на окружающую среду и здоровье населения? Какая информация интересует Вас и почему?

4)имеются ли у Вас иные замечания и предложения, связанные с возможными воздействиями реализации Генплана на окружающую среду и здоровье населения?

Период действия стратегического документа: 2026-2046 гг

Уполномоченный орган: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Срок проведения процедуры по приему замечаний и предложений: с 30 октября до 12 ноября 2026 года (последний день приема замечаний и предложений – 12 ноября 2026 г.)

Контактные данные:

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан г. Астана, пр. Мангилик-Ел, 8

Департамент экологической культуры и политики

Тел. 8 (7172) 74-02-83, 8 (7172) 74-08-90

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz,

n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz

Замечания и предложения в письменном виде можно направлять в электронном виде на эл.адрес Канцелярии Министерства: k.kense@ecogeo.gov.kz

Необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярии по телефону: +7 7172 74-08-44

Материалы по СЭО размещены: на сайте Министерства (раздел «Деятельность» - раздел «Основные документы» - раздел «Стратегическая экологическая оценка»)

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1408 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ